Тәсіл жеке іс-әрекеттің бір бөлігі, ал әдістеме – тәсілдің жиынтығы, яғни бірнеше тәсілдердің қосылып, бір бағыттағы іс-әрекеті. Әрбір әдістеме кешенді тәсілдерден құралады. Осы кешенді тәсілдер педагогикалық және дидактикалық мақсаттарға негізделінеді. Студенттердің творчестволық қабілеттерін дамытуда оқу әдістемесі шешуші роль атқарады. Әрбір адам творчестволық қабілеттерінің толық дамуының арқасында қоғамға, орта есеппен 10% қабілеттерін бере алатын көрінеді. Әдістеме деген түсінік немесе сөз, гректерден шыққан – «методос» деп аталынады. Оның жалпы мағынасы – белгісіз нәрсені түсіну үшін, түсіну жолындағы іс-әрекеттердің жүйелі түрде орналасуы [1, 139б]. Бүгінгі таңда оқу әдістеме төңірегіндегі, жеткілікті тәжірибелер жинақталған. Қазіргі заман педагогикасы жалпы оқу әдістемелерін белгілі бір принциптерге байланысты бірнеше топтарға бөледі. Оқу әдістеме мәліметтерді қабылдау, оны тарату мінездемелеріне байланысты төмендегідей болып бөлінеді: баяндау, көрнекілік және практикалық (С.П.Перовский, Е.Я.Голанд). Тұтас көру және тұтас бейнелеу әдістемесін талдауда, танымал көрнекті суретші – педагогтар тәжірибесін зерттеуде маңызды роль атқарады. Әсіресе, педагогикалық қызметтегі төмендегі аталған суретшілердің қалдырған еңбектерінің үлесі мол болды. Олар – А.Венециановтың, К.Брюлловтың, П.Чистяковтың, И.Репиннің, П.Крыловтың, Д.Кардовскийдің, Г.Шегальдің, Б.Иогансонның т.б.

Олар жас суретшілерді тәрбиелеуде, өнерге үйретуде маңызды құнды материалдар қалдырды: басылымнан шыққан мақалалар, бір-біріне жазған хаттар, әдістеме, естелік, монография т.б. терең де әрі құнды бай материалдар. Жалпы көркем өнер проблемасын, сондай-ақ өнер туралы жеке көзқарастарын сараптаумен, өнерге оқыту әдістемелерін де қамтиды. Бізге белгілі

П.П.Чистяков тәжірибесі бір жағынан, өзіне дейінгі суретшілердің еңбек тәжірибесін мұра ретінде қалдырған еңбектерін талдау болса, екінші жағынан өз тұжырымдарын классикалық өнер шеңберінен алып отырады. Оларды үлкен ой елегі және педагогикалық тәжірибеге сүйене келіп, өз «заңдарын» енгізді.

Сол заңдылықтардың бірі – оқытушы өзіне дейінгі өнерді түсінуде үлкен зейінді зерттеуші болу керек және өз тәжірибесін де қолдана білуі қажет. Маңыздысы сол, ол өз шәкірттерін өнердің кейбір шешімдерін классикалық өнер шешімдерімен салыстыра отырып тексеруге болады. Суретші-педагогтардың өнер саласында оқушылармен қандай оқу-әдістемені немесе тәсілдерді пайдаланғанын зерттеу барысында анықтадық. Арнайы материалдардан белгілі Лосенко сабақ жүргізгенде шәкірттермен бірге отырып өзі де нұсқадан сурет салған және де оларға түсіндіру барысында шәкірт суретінің жанына, қысқа кейбір өнер заңдылықтарын түсіндіру мақсатында, оқытушы өз «түсіндірме» суреттерін салған. Ол шәкірттеріне адам анатомиясынан бірнеше таблицалар, көрнекі құралдар дайындап, оған қысқаша түсіндірмелер жазған. Живопись өнеріне оқытудың алғашқы кезеңінде олар оригиналдан «көшіріп салу», яғни көшіруден бастады. Мысалы, педагог Г.Угрюмов алғаш рет сурет сабағының бір бөлігі ретінде, нұсқа денелеріндегі кейбір бөлшектерді көшіріп салу жаттығуларын енгізген. Бұл жерде педагог шәкірттерінен дене формаларын құру, оны түрлі-түсті бояулар арқылы беру, осының арқасында шәкірттерінің байқағыштық, есте сақтау, образдық ойлау т.с.с. қабілеттерін арттырды.

Суретші-педагог К.Брюлловтың сабақ жүргізу, оқыту жүйесі басқаша болды. Оның оқыту жүйесінің алғашқы кезеңі – шәкірттерді өнердің техникалық жақтарымен таныстыру, яғни өнер технологиясын игеру еді. Екінші кезең, игерілген технологиялық мәселелерін тікелей өнермен, нұсқаны бейнелеумен байланыстыру мақсатымен жалғасты. Үшінші кезең – картина жазу процесі, яғни шәкірттің творчестволық іс-әрекеті. Өнер Академиясындағы суретші-педагогтар, академияның алғашқы жылдарында, бейнелеу өнеріндегі үлгілі картиналарды көшіріп жазу әдістемесінен басқа, негізінен кең түрде өз тәжірибелеріне сондай-ақ шәкірттер салған еңбектерге сүйенеді. Сол кезде төмендегідей сабақ беру тәртібін орнатты: бір профессор нұсқа қоюмен айналысса, екінші профессор сол нұсқаны студенттер алдында жазу мәселесімен айналысты. Бізге белгілі ірі-ірі суретшілердің, арнайы оқу орны болмаған заманда шәкірттері болған (Ван Дейк, Рубенс, Рембрант т.б.). Белгілі бір суретшінің шеберханасына қабылданған шәкірт, сол суретшінің «бағдарламасынан» өткен, яғни, живопись технологиясының әдіс-тәсілдеріне шейін: бояқ ұнтақтау, дайындау, кенеп керу, оның технологиясын меңгеру т.б. Шәкірт қай кезде живопись өнерінде жазу техникасын толық игергеннен кейін, оны творчестволық полотно жазуға қосып отырған. Шәкірт уақытының көбін ұстазына жұмсаған, яғни оның кенеп дайындауында, бояқ ұнтақтарын езуге т.с.с. ең жауапты жұмыстарды атқарған. Демек, барлық кезде ұстаз алданда, оның картина жазу процесіне қатыса отырып, ұстаздың бейнелеу өнеріндегі іс-әрекет, әдіс-тәсілдерімен қанық болған және де ұстаздың «толық

мектебін» осындай тәжірибелермен алмасып, сусындаған. Өнер Академиясының ашылуымен осындай тәртіп бұзылып, арнайы бағдарлама бойынша лек-легімен, топ-тобымен дайындауға көшіріледі. Жеке шәкірт дайындау, бірнеше уақытқа созылады, оны жақтаушы Д.Кардовский, П.Чистяковтар және басқалар қолдады. Дегенмен, жалпы топтап оқыту – Академия мектептерімен қатар, сол заманда жеке дара өз мектептерін құрған ұстаздар да болды: А.Венецианов, П.П.Чистяков мектептері және басқалар.

Жеке өнер мектептерін ашу, 1894 жылғы Академияны реформалаудан кейін де көптеген суретші-ұстаздардың ойында болды. Дегенмен, ескі патшалы үкіметтің тұсында, ол жүйеге қарсы келу мүмкін емес еді, өйткені Академия патша атында болатын. Сол заманда өзін қарсы қоя біліп және өнер мектебінде өз бағдарламасымен дәріс берген жалғыз суретші-педагог Чистяков болды. Чистяковтың негізгі оқу әдістемесі, ол нұсқаны образды қабылдау және образды бейнелей білу еді. Оның ойынша, шәкірт жәй денені бейнелеу барысында ол сол денені бейнелеудің «жасақшысы» болу керек деген пікірде болды. «Қолөнершіге барлығы түсінікті, ал суретшіге ешнәрсе түсінікті емес» - деген пікір сол замандағы дәлел бола алады. Сол заманғы классикалық өнер еңбектерді ғылыми түрде дәлелдей отырып, ол өзінің жүйесін жасады. Чистяковтың өнерді оқыту жүйесіндегі ерекшелік, ол әрбір қойылымға қойылатын әдістемелік талаптарды орындау жолында әрқайсысы жеке творчестволық еңбектерімен шұғылдануға міндетті болды. Бұл міндет ұстаз бақылауымен де және өз бетімен еңбек етуді талап етті.

Чистяков живопись сабағы процесін бірнеше кезеңге бөлді. Бірінші кезең – шәкірт нұсқа арқылы бейнелеуде дене түсін дәл табу және кеңістіктегі орнын анықтау болса, екінші кезең – шәкірт дене формасына сәйкес, оның түс өзгеруін анық білу, яғни дене болмысын көрсетудің негізгі шартын игеру. Үшінші кезең - әртүрлі бояу түстері арқылы шәкірт сюжетті-пластикалық міндеттерді шешу. Ол шәкірттер алдында теориялық және практикалық білім бере отырып, олардың ой арқылы бейнелеу қабілеттерін, еске түсіру арқылы бейнелеу т.с.с. қабілеттерін арттырады. Ол өзінің оқу-әдістемелік жолында, бейнелеу өнері ұстаздары арасында «параллелді әдістемені» жиі қолданған, яғни оқытушы нұсқадан қарап салу процесінде оны жауып қойып, еске түсіру арқылы бейнелеу. Осындай сабақ өткізу тәсілі, ойдың образдық ойлау қабілетін арттырумен қоса, дененің тұтас көріну, қабылдау құбылыстарын да жақсартады. Шәкірттері кеңістіктегі денені жазу қабілетін меңгергеннен соң, ол студенттерінің алдына келесі міндетті қойды: яғни, кеңістіктегі дене түсін қалған денелер түсімен байланыстыра жазу, демек денелер түстерін бір-бірімен қатынастар арқылы бейнелеу. Мысалы, П.П.Чистяков ашық күн астына, маталарды қойып шәкірттеріне жаздырған. Олар түрлі-түсті материалдардың бір-біріне түстік байланысын және де олардың аспанның күнмен шағылысуы, көк шөптің оларға ену әсері, осындай элементтерді бір жүйеге келтіре отырып, тұтас жазу әдісіне үйретті [2, 856].

Суретші-педагог Д.Кардовскийдің оқу процесінде қолданған әдіс-тәсіліне үлкен мән беруіміз керек. Ол өзінің педагогикалық жұмысында екі тәсілді қатар: практикалық жұмыс (картина, сурет салу), екіншіден, студенттер

жұмыстарын оқу процесі үстінде талдап, ауызша ескертулер немесе құптау істерін жүзеге асырды. Шәкірттерінің бірінің айтуына қарағанда Д.Кардовский студент жұмысын түзете отырып, оның қате жақтарын толық түсіндіріп, дұрыс салыну жолдарын өзі көрсетіп отырған. Бұл сурет сабағында болса, ал живопись сабағында тек ауызша пікір айтумен ғана шектелген, өйткені Кардовскийдің ойынша, әр адамның түс қабылдау ерекшелігі әртүрлі болу себебінен. Бұл жерде ұстаз, живопись өнерінде форманы табу, оның тиімді тұстарын анықтауда үлкен көңіл қойғаны: «... при отыскании пропорции – деп жазды ол, - надо отметить наиболее длинную часть и наиболее короткую, наиболее широкую и наиболее узкую и держать «большой» цвет и «большой» характер, «большой» свет и т.д. и идти в каждой задаче от общего к частному» [3,386]. Дененің кіші бөлшектерін жазу үлгілерін оқытушы студенттерге қажетті уақыттарда көрсетіп отырады. Сондай-ақ Чистяковтың да, Кардовскийдің де шеберханаларында жақсы жазылған студенттер картиналары ілініп тұратын болған. Осындай тәсілдерді суретші-педагогтардың пайдалануы қаншалықты көрнекі құралдың студенттер үшін маңызы зор екенін байқағандарында.

Биылдан бастап «Живопись» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, әсіресе «Живопись» кафедрасының меңгерушісі профессор Т.М.Қожағұловтың басқаруымен студенттердің творчестволық жұмыстары, дипломдық жұмыстары, дәріс өтілетін аудиториялар мен коридорларға ілінген. Ұстаз бен шәкірт арасындағы жұмыстың мақсаты, ол – шәкірттердің өз беттерімен творчестволық ойлау қабілеттерін жетілдіруден тұрады. Осы бағытта нәтижелі оқу әдістемелері бар, оның бірі – ұстаз бен студенттің әңгімеге түсуі (диалог). Ұстаз живопись пәні бойынша бағдарлама төңірегінде шәкіртіне сұрақ беріп, оған шәкірті жауап қайтаруы арқасында, оның ойлау процесін, түсінігін, теориялық білім деңгейін бақылап отырады.

Осы бағыттағы екінші бір тиімді оқу-әдістеме, ол студенттер салған полотноларды, өз араларында студенттермен бірге талдауға қатыстыру. Бұл оқу әдістемесінің маңыздылығы сол, студенттер мектеп қабырғасында оқушылар суреттеріне талдау жасау, өз пікірлерін айту т.с.с. қабілеттерді қалыптастырады. Бұл тәсілдің тағы бір құндылығы, студент өзі салған полотноны көріп, оны нұсқамен салыстыра қабылдауы және өз жұмыстарындағы қателерді түсінуі. Тұтас көру және тұтас қабылдаудың басты арқауы – творчестволық процесс ретінде қарай отырып, оның жетекші ролін атқаратын ойлау принциптік қатынасы болады [4,656]. Бұл мәселе негізінен басты педагогикалық проблеманы құрайды, осы жағынан активті творчестволық ойлау қабілетіне ықпал ету, яғни живопись оқуында студенттерді нұсқа арқылы салу практикалық жұмыстарда, олардың ойлау, терең ой елегінен өткізіп барып, белгілі бір шешім қабылдаулары қажет. Осы тұста, ұстаздың атқарар ролі өте зор, әрбір қойылымдағы тапсырмалардың маңызды мәселелерін көрсетуде, жаттығулардың орындалу реттік жолдарын анықтап беруінде. Педагогикалық нұсқалардың дәл орынды болмауынан студенттер жұмыстарында көптеген шатасулар болғанын біз эксперименттік тәжірибеден байқадық. Ол қандай шатасулар: нұсқаға саналы түрде көңіл

бөлмеуі, бояу, түс реңдерге терең түсініп, ойланып қарамауы, тұтас жазу мәселесіне таза көңіл қоймауы т.с.с.

Қорыта келгенде студенттің оқу процесіне деген ынтасын, санасын психологиялық тұрғыдан ояту, яғни нұсқа арқылы жазу әдістемесінде, алдымен қандай мәселелерге көңіл бөлу керек, яғни табиғи түс, дене түсі, өзгерістегі түс т.с.с. мәселелерді ұстап қалуы, этюд жазу процесінде басты роль атқарады. Нұсқаны көркем көріп немесе тұтас қабылдап, тұтас жазуы үшін, нұсқаның мазмұнын терең түсіну қажет, яғни нұсқадағы басты маңызды үлкен бөлшектерін табу дағдысын бойына сіңіру актісін қалыптастыру. Бұл акті міндетті түрде студентті творчестволық ойлау, саналы түрде жұмыс істеу процесіне алып келеді деп сенеміз.

1. *Общая психология.* – М.: Педагогика, 1983. – 439с.
2. *Чистяков П.П. Воспоминания.* – М.: Искусство, 1984. -599с.
3. *Кардовский Д.Н. Об искусстве.* –М., 1960.-340с.
4. *Мизанбаев Р.Б. Живопись.* – Алматы, 2005. -168б.

Резюме

В данной статье авторы рассматривают педагогические принципы в области изобразительного искусства, а также установки в разделе художественного воспитания.

Summary

The purpose of the current article is to examine pedagogical principles in graphical art and installations in section of art education.

ӨРМЕК ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТОҚУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Абдраман Күләш -

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогика Университетінің «Тарих және экономика» факультетінің «Кәсіптік білім» кафедрасының аға оқытушысы

Көп салалы қолөнері қазақ халқының мұрасын зерттеумен қатар бүкіл әлемдік өнердің даму бағытын ескере отырып, уақыт талабына сай жаңа көзқараста қалыптасуды қажет етеді.

Өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің гүлдене түсуі өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетгілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңарту жағдайы - бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап, зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбие, мол тәжірибе негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеу қажеттігін тудырды.

Қазақтың қолөнері өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі

ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы қазақтың қолөнері бойынша толық білім сапасын және оны іс жүзінде пайдалана алу іскерлігі мен қабілетін қажет етеді. Оның үстіне қазақ қолөнері өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктерімен, рухани байлығымен, эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етеді /1/.

Өрмек халық қолөнерінің тоқу ісінде қолданылатын өте қарапайым әдіс, яғни мұны тоқу станогы десе де болады. Күрделі техникасыз, кез келген жағдайда қолданылып, керекті жабдықтары онай табылатын өрмектің екі түрі бар.

Оның біріншісін аспалы немесе термелі өрмек дейді. Ондай өрнекте кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады, екіншісін жай өрмек дейді. Жай өрмек шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты еңсіз нәрселерді тоқуға арналады. Халық қолөнерінде көбірек қолданылып жүрген өрмек - жай өрмек. Жай өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын мынандай жабдықтары болады.

1. Өрмек өрісінің қазықтары.

2. Күзеу шыбығы - қабатталған шиден, түзу тобылғыдан, сымнан жасалады.

3. Адарғы тактай екі жақ қырынан жонылып дүз шығарылады, ортасы сәл дөңес, ені 20-25см болып келеді.

4. Есепші немесе кергіш сабау, оны серу ағаш, серу жіп деп те атайды.

5. Кылыш - өзі шынында да кылыш тәрізді, сырт жағын 3-4 мм-ге дейін, дүз жағын 6-7 мм шамасында ғана жұқарта жонып, ортасын дөңестеу еткен, ені 12-15 см жалпақша ағаш келген.

6. Арқау шөлмегі екі басының азған ашасы бар 20-30см түзу таяқша.

7. Аралық 1-1,20 м шамасында түзу таяқ.

8. Көтерме немесе мосы- басын біріктерген 3 ағаштан тұрады.

9. Екі басын тұйықтап байлайтын бақылау жіп.

10. Өрмек жіптер.

Өрмеке оратылып иірілген жіптер істелінетін бұйымдарға, жасалатын жолақтарға, өрнектерге қарай бірнеше түсті болады және ол түстер бөлек-бөлек домалақтанады. Тоқылғанда заттың ұзын бойына жұмсалатын бұл жіптер кейде жалан қабат кейде екі қабат иріледі. Шекпен жіптерін жиек жіптер сияқты оңқай, солақай етіп иіре береді.

Осындай әзір жіптерді мөлшерлеп отырып, екі топқа бөледі. Оның бірінші - өрмектің күзуіне ілінетін үстіңгі жіптер. Екінші - күзуге ілінбейтін астыңғы жіптер. Өрмекшілер тілінде үстіңгі жіпті «ерсісі» деп, астыңғы жіпті «қарсысы» деп атайды. Кейде үстіңгісің «еркек жіп», астыңғысын «ұрғашы жіп» деп те атайды.

Арқау- бұл ерсі және қарсы жіптердің арасына көлденең түсіп отыратын жіп. Арқау тоқылатын нәрсенің қалың және жұқалығына қарай,

кейде ерсі және қарсы жіптерінің жуандығымен бірдей, кейде одан жуан болып иіріледі.

Күзу - бұл тоқылмайды, тек тоқылатын жіптер ажыратып, әр қайсысын өз орнына тізу үшін қолданылады. Күзу жіптің мөлшері бір алқым шамасында, ол өте ширақы және екі қабат етіліп түйе жүнінен иіріледі де, соңынан ыспаланады. Күзу жіп боялмайды.

Өрмек жібінің өрісін өлшеп, оның неше метр немесе неше құлаш болатынын анықтап алған соң, жазық жерге әлгі өлшемді тең терт бұрышқа беліп 4 қазық, кейде үш бұрышты еріс жасап, үш қазық қағады. Өрмек құрылатын жер шегерімсіз, бұтасыз тегіс жер болуы және малдың, адамның кеп жүретін аяқ асты болмауы тиіс. Өрмек құрушы шеберлердің кез мелшері, кеңіл есебі күшті келеді. Мысапы өрмектің ерісі 20метр болса, онда терт бұрыштың әрбір қабырғасы 5метрден келеді. Бұдан кейін сол 4 қабырғасын бірінің орта шенінен бесінші қазық қағылады. Оған қатар арқалық, арқалыққа жабыстыра күзу шыбығын бекітеді. Бесінші қазық пен аралық қаданың арасы 20-25см қашық тұрады. Өрмектің ерісі және қарсы жіптерін екі адам алады да, ерістің 4 қазағын айналдыра жүріп, соған тегеді. Мұны «Өрмек жүгіру» деп атайды. Егер ерсі жіптері бірнеше түсті болса, онда әлгі 2 адам оларды санай отырып кезекпен кезек төгеді немес бірнеше адамдар бөлініп алып жүреді. Өрмек жіптері жерге түсіп, шөп - шаламға былғанбау үшін және жүгірген жіп домалақтары тез домалап, тез ағытылуы үшін, жүгірушілер әр домалақты ернеуі тегіс аяққа, табаққа салып жүгіреді.

Бесінші қазық пен арқалықтың қасында отырған адам өрмек құру ісінің тәжірибелі шеберлі болуы тиіс. Ол басы күзу шыбыққа бекітілген күзу жібінің шағын домалағын алады да, ерсі жіпті шалып, арқалықты орай күзу шыбығынан тағы бір рет жарты қазықбау байлаумен өткермелейді. Ал қарсы жіпті шалмай, тек арқалықтың сыртынан бесінші қазыққа іле салады. Осы тәртіппен жүргізілген өрмек жібінің бірі күзуге шалынып, екіншісі күзеуге шалынбай бос қалып отырады. Мұны «өрмек шалу» дейді.

«Өрмек жүргізу» біткен соң қазықтарды суырып тастап, өрістегі жіпті екі еселеп жинайды. Сонда жіптерді екі жақтағы басы тұйық болып шығады. Мұның бір тұйығын өріске апарып, қазыққа кигізеді. Екінші тұйығынан көлденең бір ағаш өткізеді де, оны тартып тұрып, жерге төсей береді.

Дұрыс шалынған өрмек жіптері енді екіге бөлінеді. Демек, күзеудегі жіп жоғары шығады да, бос жіп күзеудің астына қалады. Бұдан кейін аралықтың алдыңғы және артқы жағынан итіс-тартыс екі айқас пайда болады. Арқалықтың асты, яғни екі жіптің арасы 10-15см қуыс болып келеді, бұл қуысқа қылышты өткізіп қояды. Енді алдыңғы айқас жіптерді ажыратып, қолмен санап отырады да, астынғы жіпті үстіне шығарады. Ал үстіңгі жіпті астына түсіріп, бұл араға адарғыны сұғып қояды. Адарғымен бірге бақылау жібінен өткізіп, оның екі ұшын қоса тұйықтап байлайды. Жіп үзіліп немесе қосарланып шатаса қалса оңай тауып алу үшін және жіптерді біркелкі керіп тұру үшін, адардағы қоярла саналған жіпті 20-30 пардан топтастыра кергіш сабауға тігізіп алады да, арқауды көлденең қалдыра тартып тартып тұрып, қылышын нығыздап қағады. Бұдан кейін қылышты суырып алып, адарғыны

қырынан көтере күзудің деңгейіне әкеледі. Сол кезде күзу ілінбеген қарсы жіп адарғының қырымен 20-52см жоғарғы көтеріліп, күзулердің ара- арасына 10-15см ерсі жіптің үстіне шығады. Осы кезде күзу мен адағының деңгейінде ерсі жіптің үстіне қуыстан өткізеді де, жіптің арқау үстіне пайда болған айқасын нығыздап қағады. Бұдан соң адарғыны кейін шегіндіреді. Күзудегі ерсі жіптер тағы жоғары шығып, қарсы жіптердің үстіндегі қуыс қайтадан қалпына келтіреді. Тоқушы арқауды өткізіп алып тағы да қағады. Осы тәртіппен қайталаудың нәтижесінде ерсі жіппен қарсы жіптердің қапсыра айқастыра айқасып түсуінен барып өрмек тоқыла береді /2/

Осылайша үлкен залдарға, есік пен төр арасына жайылатын төсеніштерді түгін шығара әсем етіп тоқуға болады. Ол үшін өрмек жүгіргенде оның ерісі жіптерін үш қатар етіп жүгіреді, яғни ерсінің жібі мен қарсының жібінен басқа «өрнек жібі» дейтін тағы бір жіп қоса жүгіріледі. Бірақ ол жіп ерсі жіптен гөрі қысқа шалынады. Өрмек керіліп, адарғы жатқан уақытта, өрмек жібі ерсі жіптеп біраз жоғары тұрады, адарғы көтерілгенде ерсі жіппен бірге қарсы жіптің астына түседі. Сол кезде арқау ез жолымен негізгі екі жіптің айқас арасына түседі де, өрнек жібінен болған айқас арасына жұмсақ металдан істелген 4-5 жіңішке сым түседі. Сымның жуандығы 2-3 см шамасында жасалады. Осы тәртіппен 4-5 сым салынып, жіп айқастары сымдарды орай 4-5 рет тоқылған соң, күзу жақтағы шеткі бір сымды қалдырады да қалған төрт сымның үстіндегі жіптерді арнаулы аспаппен қиып жіберіп, сымдарды босатып алады.

Қиылған жіптердің ұштары тоқманың үстіңгі бетінде түк болып қалады. Жұмыс тәсілі осылайша қайталана береді.

Өрім тоқу технологиясының келесі бір түрі алаша, басқұр тоқу. Алаша бүктеуге, жинауға, алып-салуға қолайлы мүлік. Алаша, бау, күр, жіп-шулардың түр-түрлері көп-ақ. Алаша - бояулы алаша, бояусыз, жүн, жалаң қабат, терме, өрнекті, тақыр, түкті, шашақты, ширақ шекпен т.б бар. Мұны ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40-45см аспайды. Сондықтан мұның бірібер тоқылған материалдың ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін неше бой етіп кесіп, ұрау қажеттігін есептейді.

Әдетте өрмек жіптерінің 35-40сантиметрдей тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Алашаның бойларын құрау үшін осы қырқынды жіпті пайдаланған жөн. Бұл жіптер ақ, қара, көк, қызыл - 4 түсті делік. Ендердің жапсар бойын осы 4 түсті жіптер кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1-2 сантиметрдей етіп қосымша сыналана енгізледі де алашаның көлемі үлкейе түседі. Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі бар. Оның біріншісі «су» өрнегі де, екіншісі «тіс» өрнегі.

«Су» өрнегін өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбайын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқиды. «Тіс» өрнегін осы жіптің екеуін екі түсті түмен жүгіртіп (астыңғы жіп қара, үстіңгі жіп ақ) тоқиды.

Өрмекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар сияқты тоқу кездеседі. Мұндай тоқуда «терме» деп атайды. Мөймеңке өте жұқа тігіліп, жып-жырмағай, бұлдырсыз істеледі.

Терме тоқудағы өркермелеу, ілмектеу, мөймеңкелеу барлығыда есеп санау арқылы, әрбір ілінген жіп санын ұмытпай есте сақтау арқылы орындалады.

Қайыра теру тәсілімен орындалатын өрмектің ерсі жібі мен қарсы жібі 3-4 түсті бояулармен боялады да, бұлардың екеуі бірдей теріліп, өрнектің екі жағынан тоқылып шығады.

«Кежім теру» немесе «бұқар теру» тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнектер теріліп жасалатын басқұр ман алаша тоқу үшін қолданылады. Мұндағы өрнектер ерсісі мен қарсысындағы әртүрлі түстер жіптен терілген өрнектің астына бос қалып отырады. Мұндай тоқу әдістері Қырғыстанның оңтүстігінде көп кездеседі. Оны олар кейде «қаджари», кейде «Бұқари» деп атайды.

«Орама теру» тәсілдерімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы бәрі бір түсті жіптен құрылып тоқылады.

Бір түсті теру тәсілі тек қана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрлардың тоқуға қолданылады, Мұның бәрін қазақтың қарапайым өрнегімен жіңішке лента тәрізденіп тоқиды. Тақыр тоқу немесе тақыр кілем тоқу әсіресе Қызылорда облысында көп дамыған өнер. Оған түк оралмай, өрнек беретін жіпті ерсі мен қарсының өз бойында бояп алады да, жай өрнек әдісімен тоқи береді. Тақыр кілемді кейде жіптерін ақ жіп пен қара жіпті кезек келтіріп тоқиды.

Түкпен теру әдісімен еңсіз шағын кілем, кілем қоржын, түрлі төсеніштер тоқылады. Мұндай өрмектің өрнектеуіш жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлап тоқылады. Бой жіптер қатарында тұрған өрнектеуіш жіп өрнек бетінде бос қалып отырады да, соңында ол кесерімен қылқылып тасталады. Осыдан өрнек бетіне түк пайда болады /2/.

Өрім тоқу түрінің бірі - **басқұр**. Басқұрдың қызыл, ақ, ала түсті болады.

Қызыл басқұр - киіз үйдің ішін безендіру үшін, уық пен керегенің түйіскен жерінен жоғары, бір босағадан екінші босағаға дейін, өрнекті жағы үйдің ішіне қарай тұтылған, 51 жіптен тоқылған, ені 30-40 см келетін басқұрды түсіне қарай қызыл басқұр дейді. Қызыл басқұрдың ортасындағы ою-өрнек, көбінесе, мүйізгүл деп аталады да оның астындағы гүлді қолтырмаш деп атайды. Қызыл басқұрдың ортасы, екі шеті әр түрлі өрнек- термен араларына су жүргізіліп келеді. Қошқар мүйіз теруі - 7 жіптен, шынжыр ала теру - 9 жіптен, құманбау – 5 жіптен, осылардың әрқайсысының арасына су жүгіртіп тоқылады

Ақа басқұр - қызыл басқұрдың жоғары жағынан жалғас керілетін сәндік үшін әрбір

жанұяның дәулетіне қарай жалғасатын басқұр. Ақ басқұр да ені жағынан қызыл басқұр сияқты, жасалу технологиясы жағынан алғанда жүз теру, тегересу деп аталынатын екі түрлі теріліп тоқылады.

Ала басқұр - терме алаша әдісімен өрнектеліп тоқылады. Бұл басқұр сәндігімен қатар

киіз үйдің керегесі мен уығының біріккен жерін жасыру мақсатында жасалады. Ала басқұрдың тоқылу әдісі терме алаша тоқылғандай, өрнек

күрып, әр түсті жіптерден терме теріп, өрнектердің алуан түрі пайдаланылады. Басқұрдың қай түрі болса да ұзындығы 8-15 метр ені 25- 40 см аспайды. Жалпы басқұрдың ұзындығы керегенің қанатының санына қарай тоқылады.

Басқұр тоқудың келесі әдіс-тәсілдері бар:

- 1) Кежім теру тәсілі
- 2) Бұқар теру тәсілі
- 3) Орама теру тәсілі
- 4) Бір түсті теру тәсілі

«Кежім теру» немесе «Бұқар теру» тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнекпен теріліп жасалатын басқұр мен алаша тоқу үшін қолданылады.

«Орама теру» тәсілімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда ермектің ерісі, қарсысы және арнауы бәрі бір түсті жіппен құрылып тоқылады. Бұған кебінесе ақ немесе қызыл жіптер қолданылады.

«Бір түсті теру» тәсілі тек қана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрдың ерсі мен қарсы жібі кебінесе біріңғай ақ жіппен, кейде қызыл жіптен құрылады да, ернегі қызыл, қара, кек және басқа түсті жіптермен теріледі.

1 .Марғұлан А.Х. Казахское накладное прикладное искусство,- Алматы, 1986. - 345 с.

2. Әмірғазин Қ. Қазақ. қолөнері,- Алматы: Дайк-пресс. 2004. — 345 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются виды ткачества и методы плетения, распространенные в казахском традиционном искусстве, а также приводит технологию некоторых видов ткачества.

Summury

In given article it is considered kinds of weaving methods, in the Kazakh traditional art. The author considers traditional kinds of weaving.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮГІНГІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ТАҢБАЛЫ ТАС СУРЕТТЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

С.М.Мамытова-

*ҚР Мемлекеттік Ә.Қастеев атындағы
өнер мұражайы Қазақстанның бейнелеу өнерін зерттеу орталығының
кіші ғылыми қызметкері*

Тарихи өркендеу барысында қазақ халқының рухани өмірінің айнасы болып табылатын балбал тас, құлпы тас, қой тас, кемпір тас, бәдіз секілді көне ескерткіштердің ішіндегі маңызды ғылыми дерек – петроглифтер, яғни тастарға қашалған таңбалы суреттер. Жартас бетіндегі көріністер – адам сана-

сезімінің қалыптасуы мен дамуын, дүниетанымын, діни түсініктерін және рухани байлығын зерттеудегі қажетті ақпарат көзі. Бертін келе, XX ғасырдың жетпісінші жылдары суретшілер ұлттық дүние танымның мәнін түсінуге, әлемнің тылсым құпиясын ашуға басты назар аудара бастады. Осы тұста Қазақстанның әр өңірінен табылған кем дегенде он бес мың ғасырлық тарихы бар жартастас бетіндегі ікеріністер қазіргі таңда қазақ бейнелеу өнерінің барлық саласында кеңінен қолданылып келеді. Мысалы, кескіндеме, графика мүсін өнері, сәндәк-қолданбалы өнер (гобелен, кесте, батик), қыш өнері, ағашты көркемдеп өңдеу, жарнама және тағы басқалары. Олардың туындылары алғаш көрермен назарына ұсынылғаннан бастап, көркемөнер әлеміндегі алуан түрлі оқиға құбылыстарға ұқсамайды. Нәтижесіндегі сәндік деңгейдегі жұмыстар көрпме залдары төрінен орын алды. Аталған қалыптасу үрдісі бүгінге дейін жалғасын табуда. Осы тұста, орасан зор көркем маңызға ие таңбалы тастар өз құндылығын жоғалтып бара жатқан жоқ па, - деген заңды сұрақ туындайды. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш ұлттық өнердің болмысын жоғалтпаудағы негізгі мәселелер қатарына қосылары анық.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстан жерінде археологиялық қазба зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ұлттық өнеріміздің тамыры тереңнен бастау алатынын дәлелдейтін көптеген көне құндылықтар, тарихи орындар ашыла бастады. Бұл тарихи үрдіс әлі жалғасын тауып келеді. Соның ішінде бүгінгі күнге дейін Ұлы қазақ даласының әр аймақтарында жүз отыздан астам аса ірі тасқа қашалып салынған суреттер табылып отыр. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға көбейе түсуде. Жалпы таңбалы тастар Ертіс өзенінің жағалауы (Ақбауыр, Байпақ суреттер), Балқаш көлі маңайы (Қараүңгір, Тесіктас), Жетісу өңірі және Оңтүстік Қазақстан (Тамғалы, Талдыбұлақ, Хантау, Қосқұдық) көптеп кездеседі. Сонымен қатар Орталық Қазақстанда және Маңғыстауда табылған Бұланты, Теректер, Түйетас секілді таңбалы тастар өзіндік мәнді көріністермен ерекшеленеді. Аталмыш тарихи орындарды табуда, Қазақстанның археология саласында үлкен еңбектер атқарған А.Н.Бернштамның, А.Г.Максимованың, А.Г.Медоевтың, Ә.Х.Марғұланнның, К.А.Ақышевтің, З.С.Самашевтің құнды ақпараттарға толы бірталай ғылыми зерттеулері жарық көрді.

Жоғары аталаған зерттеушілердің археологиялық еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып саналатын жартастас беті көріністерінің мәні мен мағынасын, қандай түсінікпен орындалуы жайлы зерттеулерге тоқталып өтейік. Қазақстан тарихында іздерін қалдырған халықтар үшін таңбалы тастар мен жартастар ғасырлар бойына құдайларға және бабалар аруағына табыну рәсімдері мен магиялық жоралғылар өткізетін ғибадатхана маңызын сақтап келген. Көне адамдар өздерін қоршаған табиғат әлеміне жартастас суреттерін, тұрғын үйлер мен жерлеу құрылыстарын салып, жер бетіндегі «әлемді реттеу» түсінігін енгізген.

Сақ дәуірінің петроглифтері жануарларды бейнелеудегі өзіндік мәнерімен тез аңғарылады. Кейін бұл мәнер «аң стилі» деген атаққа ие болды. Жабайы бұқалар, арқарлар, жылқылар мен құландар, қабандар мен қасқырлар сияқты жануарлар жалғыз немесе топпен, кейде отармен бейнеленген.

Сонымен қатар ең көп таралған көріністердің бірі – аңшылық. Шоқпар, садақ және айбалта ұстаған батыл жауынгерлер бейнелері өте шынайы кейіпте қашалған.

Қола дәуірінде адамдар табиғат құбылыстарына табынған. Отқа, Күнге табыну осы кезеңнен басталды. Қола дәуірі адамдарының ойлау қабілеті мифтік дәрежеде болды. Мұны тастағы таңбалардан анық аңғара аламыз. Білгілі тәртіпте және әрқайсысы өзінше бейнеленген жеті құдай кейіпкерінен, олардың астында билеп жүрген он жауынгердің, рудың және адамдардың пірі дұға оқып отырған әйелдің бейнелерінен тұрады. Қола дәуіріндегі адамдар әлем құрылымын мүмкін осылай түсінсе, яғни құдайлар мен бабалардың қатал билігін пір тұтып, солар арқылы әлемдік заңдылықты реттеп отырған. «*Күн басты Құдай*» суретте күн тәңірісі адам бейнесіне ұқсайды. Дене бітімі, қол-аяғы адамға ұқсас, ал бастарының айналасында сәулелері бар ғарыштық пішінде берілген. Тамғалы мекенінен «*Күн басты Құдайдың*» жиырмадан астам көрініс табылды. Олардың барлығы антропоморфты. Күнді адам бейнесіне ұқсаса етіп бейнелеу дәстүрі көне дәуірден қалыптасып келеген. Тамғалы мекенінің күн басты құдайларының көріністерінде нақты негіздегі ережелер жоқ. Бейнелер алуан түрлі көлемде борлып келедеі. Күн басты құдай бейнелері бұқаның, жылқының, бұғының үстінде де кездеседі. Бұл дегеніміз құдайдың белгілі бір жануармен байланысын көрсетеді.

Ерте темір дәуіріндегі таңбалы тастардан сол кездегі тарихи оқиғаға байланысты туған көріністі кездестіруге болады. Қоныс аудару немесе жорықтар кезіндегі үрейлі, тынышсыз уақыттарды таңбалы жартастардағы салып кеткен суреттер куәландырады.

Көне дәуір шеберлері қоршаған ортаның ғажайып құбылыстары туралы түсінігін, күнделікті тұрмыстағы немесе аңшылық оқиғаларын, дүниетанымдық көзқарастары секілді алуан түрлі көріністерді тас бетіне қашап қалдырған. Ал қазіргі таңда суретшілеріміз сол көріністерді көшіру арқылы өзге материалда (кенеп, қағаз, металл, қыш, жүн, тері, мата т.б) орындап мазмұны бір, сыртқы көрінісі ерекше дүниелер жасауда. Мысал ретінде, «XX ғасыр Қазақстан сәндік өнері» (2002 жылы жарық көрген) атты үлкен альбомда басылып шыққан гобелен шеберлерінің жұмыстарын алып қарастырайық. «Күн басты Құдай» бейнесін немесе бұғылар, құландар тағы басқа да көптеген аңдарды пайдалану арқылы композиция құрап, қандай да бір туынды жасайды. Жұмыстың негізгі сюжеттік көрінісі Тамғалы шатқалы суреттерінің көшірмесі болып табылады. «Күн басты Құдай» бейнесінің мәнін, қандай сеніммен тас бетіне қашап қалдырғанын жоғарыда айтып өттік. Біздің гобелен шеберлеріміз көнеден қалған құнды рухани ақпаратты қашау арқылы таста емес, түрлі-түсті жіп арқылы өзге материалда көрсеткісі келді ме? Менің ойымша суретшілер жартас бетіндегі көріністерді тек бояу үйлестіру арқылы «таңба» ретінде көшірмесі жасады. Сол секілді әрбір «көшірме туындылар» - жеңіл мазмұнды, композициялық құрылымы саяз, бейнелеу өнерінің ереже заңдылықтары сақталмаған, жасанды дүниелер қазіргі бейнелеу өнерінде көптеп кездеседі. Бұл көркемсурет саласындағы етек алған үрдіс өнердің ұсақталуына әкеліп тірейді. Суретшілер мен қолданбалы

өнер шеберлеріміздің жаппай таңбалы тас суреттерін өз шығармаларына арқау етуі, шамадан тыс еліктеуі, олардың кәсіби деңгейін төмендетіп отыр. Бүгінгі кезеңде жас суретшілер көркем шығарманың түп қазығы – академиялық сурет (рисунок) екенін ұмытты. Қайта Өрлеу дәуірінің ұлы шеберлерінің бірі Леонардо да Винчи өзінің «Кескіндеме жайлы трактатында» суреттің (рисуноктың) үлкен маңызы жайлы: «ғылым және өнер саласында жетістікке қол жеткізгісі келетін жастар ең алдымен сурет салуды үйрену қажет» деген екен. Ал Давид өз шәкірттеріне: «Сурет, менің досым және тағы да мың рет сурет», деп үнемі қайталап отыратын. Міне, бейнелеу өнерінің әр шығармасында композицияны құрастыруда, жалпы туындының негізгі – сурет (рисунок) болып табылады. Ал біздің жағдайда суретшілер жастар бетіндегі дайын көріністерді кітаптардан көшіруге әуес. Адамның анатомиялық келбеттік кескінін дұрыс бейнелейтін композициялық құрылымы ұтымды шешілген, пластикалық үйлесім тапқан көзтартарлық тарихи тұлғаға айналған портреттер саябырлап барады. Сондай-ақ тарихи жанрда жазылған көркем шығармалардың саны санаулы ғана. Бейнелеу өнерінің әр саласында ережелер мен заңдылықтарға бағынбайтын жасанеды туындалыр көбейді. Жаңбырдан соң қаулап өскен саңырауқұлақ секілді жартас бетіндегі көріністерді пайдаланған шығармалардың бұлайша көбеюі көңілді алаңдатады. Бүгінгі суретшілер өз халқының мәдени мұрасымен тығыз байланыста, өткен ғасырдың тереңіне үніліп сол уақытта өмір сүріп жатқан секілді. Ал, шындығында жартас бетінен табылған алуан түрлі көріністерді суретшілер түстердің колористік гаммасын әр кезде өзгерту арқылы үнемі қайталайды. Мұның өзі адамдардың ой-санасы мен талғам-танымына да әсер етіп, көрермен қауымды жалықтырып жіберері сөзсіз. Сондықтан да ғасырлар бойы қоғамдағы негізгі күштің бірі саналатын, үнемі ізденіс үстінде жүретін, жаңалық жасаушы, ізгіліктің жаршысы, тың тақырыптың бастауы болып табылатын суретші қауымының жаңаны тудыруда, м ағыналы дүниелер жасауда көп еңбектенуін қажет етеді. Егер де ұлттық мектепті қалыптастырамыз десек, өткен өнерді қайталап қана қойғанымыз жөн бе? Жаңаша ойлап жаңғырту үшін оқу процесінің талабына сай дүниелер жасауды ойластыруымыз керек секілді. Сонымен қатар қазіргі таңдағы бейнелеу өнерімен бірге жүретін мәселелер кәсіби суретшілер деңгейінде шешімін табуы тиіс. Әлемдік мәдени кеңістікке қол жеткізу үшін эстетикалық талғамы мол, ұлттық мазмұндық мәні бар көркем шығармалар тудыруға мән беріп, бейнелеу өнерінің беделін түсірмеуді ескерсек, Ал, керемет құндылыққа ие Қазақстанның әр өңірінде кездесетін таңбалы тас суреттер ескерткіштерін қорғай, тереңірек зерттей құнды ғылыми зерттеу еңбектерін жарыққа шығаруды қолға алсақ деймін.

Қазіргі таңда мәдени мұраларды насихаттау қоғамдық ортадағы аса қажетті көрсеткіштің бірі. Жоғарыда тізбектелген немесе көптеген қазақ суретшілерінің орындаудағы шығармалара болуы мүмкін. Бірақ ұлттық құндылықтарымызды, тарихи рухани ақпаратты әдебиет беттерінде мәдениетті түрде насихаттаған жөн болар еді.

1. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006 – 200с.
2. Максимова А., Ермолаева А., Марьяшев А. Наскальные изображения урочища Тамгалы. Альбом. – Алма – Ата, Өнер, 1985.-144с.
3. Қазақстан сәндік өнері. – Алматы, 2002. – 400 бет.

Резюме

В представленной статье рассмотрены актуальные проблемы применения изображения наскальных рисунков в современном искусстве Казахстана. Автором проанализированы труды известных ученых о петроглифах нашего региона.

Summary

This article concentrate on the main problems of petroglyphs images in contemporary art of Kazakhstan. The author analyses works of known scientists petroglyphs about our region.

ОБУЧЕНИЕ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМУ ИСКУССТВУ В ГЕРМАНИИ

(на примере 12-летней школы)

У.Н.Аркабаева -

директор общеобразовательной школы № 63 г. Астаны

Сегодня, когда возрождаются гуманистические идеалы и повышение культуры казахстанского общества становится условием дальнейшего развития демократии и общественного прогресса, роль искусства в духовной жизни народа особенно возрастает. Поэтому в новой концепции 12-летнего образования, в которой школа понимается как открытая обществу, принципиально иное место должны занять художественное образование и эстетическое воспитание. Преобладающее ныне понимание эстетического воспитания как проблемы исключительно школьной является недостаточным и опасным.

Для решения поставленной задачи необходимо обращение к мировому педагогическому опыту в области организации художественного образования в 12-летней школе, развивающего креативность личности, необходимую для успешной адаптации к изменяющимся технологическим и социокультурным условиям жизни в динамично развивающемся мире. В Германии каждый субъект федерации имеет свой институт эстетического воспитания, каждый из которых занимается не только теоретическими исследованиями в области художественного и эстетического воспитания, но и наделен полномочиями внедрения теоретических разработок в практику дошкольного, школьного и высшего образования. Причем практика эта строится таким образом, что в самом понимании сущности воспитания вообще, художественного и эстетического воспитания не возникает оснований для парадоксов.

В середине 60-х гг. впервые прозвучали слова о «катастрофе

образования». Эти опасения были обоснованными, Германия могла не выдержать технологической конкуренции с индустриальными мировыми державами. Формальное художественное образование не способно было помочь отдельному ученику в процессе социализации, т.к. оно не было дифференцированным, отрицало действительность школьной жизни, блокировало потребность в индивидуальном усвоении и выражении или сильно сдерживало их в определенном русле. Оно не могло также выступить против утвердительной тенденции обучения, ориентированной только на успех, жизненные впечатления ребенка оказывались ненужными, восприятие помимо искусства было для него закрыто. Искусство оставалось центральным содержанием эстетического воспитания, а изучение основ художественного изображения — главной целью. Как выход из этой кризисной ситуации, в Германии, считающейся родиной европейского эстетического воспитания, в течение трех последних десятилетий создается новый тип воспитания - эколого-эстетическое. Были разработаны принципы эстетического воспитания и сделана установка на обязательное присутствие на занятиях, помимо произведений искусства, всего многообразия предметов и явлений, с которым сталкивается человек в жизни, т.е. было указано на необходимость стимулирования всех форм чувственного восприятия и действий человека /1/.

Воспитание образного мышления по Пфеннигу, явилось первой попыткой проблемного обучения через образное усвоение. Г. Отто, используя ключевые понятия: материал, эксперимент, монтаж, продемонстрировал полное владение категориями современного искусства и показал, что подобными упражнениями обеспечивается перенос способностей на другие дисциплины, т.к. "сенсбилизация по отношению к различным материалам, готовность к экспериментальному поведению, понимание технических художественных приемов требуется не только художнику /1, 34/. В те времена стали сильно изменяться представления об эстетическом воспитании.

Теоретическую модель критической, утопической, гедонистической и прагматической функций эстетического воспитания разработал в это время Д. Кербс. Он заявил о необходимости привлечения на занятиях не только явлений искусства, формотворчества, фантазии, визуальной коммуникации, но и прекрасного в людях, ландшафтах, предметах природы, стимулирования всех форм чувственного восприятия и действия. В модифицированной форме такого рода воззрения характерны для многих концепций. Так, постановление Профсоюза по воспитанию и науке «Обеспечение эстетического воспитания в школе»(1979) исходит из того, что оно не может замыкаться рамками отдельных предметов, а возможно во всех сферах образовательного процесса и быта учащихся /1,35/. Ю.Циммер предложил сравнительную функциональную дифференциацию задач эстетического воспитания, в которое ввел понятие политической социализации /1,37/. С этого момента начался период интенсивного экспериментирования в художественном образовании Германии, которое велось в общем русле образовательных реформ.

Немаловажное значение в Германии имеет вальдорфская педагогика Штайнера. Вальдорфская педагогика стремится преодолеть

противоположность между требованиями, идущими изнутри личности ученика, как потребность в раскрытии своих индивидуальных сил и возможностей (само актуализация, индивидуализация, персонализация) и требований общества, социально-культурной данности (социализация, культурологизация в широком смысле). Вальдорфская педагогика осознанно ставит проблему образа человека в центр своей педагогической рефлексии. Центральная антропологическая категория - категория личности. От всех других природных существ человек отличается тем, что он является носителем духовного «Я» - существа, принципа личности, которое накладывает отпечаток на все его бытие, вплоть до тела. Это духовное «Я» - существо - и есть источник развития. Развитие понимается как степень проявленности и раскрытия «Я», преобразования им «природно-телесной» основы, ассимиляции «Я» культурно-исторического содержания и пробуждения продуктивно-творческой объективно-значимой деятельности. Поэтому в этой школе особое внимание уделяется эстетическому воспитанию. Особый акцент на художественный, эстетический элемент в преподавании, а также на рукоделие и ремесла; в учебный план включены живопись, пластицирование, музыка, эвритмия, рукоделие (также и для мальчиков), ремесла - работа по дереву и металлу (также и для девочек), садоводство; таким образом, через многообразную практическую деятельность развивается волевая культура ученика /2/.

В этой школе на начальной ступени большое внимание уделяется развитию у ребенка мелкой моторики, что тесно связано с развитием речевых центров мозга. Дети обучаются вышиванию, лепке, резьбе по дереву, обработке камня, причем имеют дело они исключительно с природными материалами. Даже в группе продленного дня не используются ни пластмассовые куклы, ни тем более электронные игры. Ф. Шульц отмечает, что урок «Искусство» предполагает достижение определенных учебных целей, формирование у учащихся следующих навыков и умений: - знакомство с цветом, инструментом рисования, техникой, названиями красок (например, ультрамарин); - знакомство с принципами оформления и применения цветовой гаммы; - знакомство с родственными проблемами в области оптической культуры; - содействие развитию изобразительных способностей, когда наступает момент осознания школьником простой вещи: из обычного упорядочения красок, подчинения их друг другу возникает внутренний закон, который влияет на изображение /3/.

Методы, используемые на уроках изобразительного искусства в немецкой школе делятся на общие и специальные. К общим методам относятся: вопросно-развивающий, эвристический метод, генетическое обучение, свободная и индивидуальная работа на уроке, доклады учителя и учащихся, групповая и парная работа, обучение по станциям, ежедневное планирование, ролевая игра, проект, фронтальный опрос и др.

К специальным методам относятся:

- метод обучения по станциям. Данный метод применяется на уроке, темой которого является печать, или подготовка масштабной художественной

работы (например, праздник улицы). На станциях отрабатываются детали процесса, которые невозможно смодулировать на рабочем месте в школе; реализуются части проекта (например, изготавливаются плакаты или трафареты, печатаются пригласительные билеты). Организация станции тщательно продумана, рабочее место организовано;

- генетический метод. Цель данного метода - исследовать то, чем был предмет: история происхождения, процесс возникновения. Как проводилось измерение, когда не был известен дюйм? Как изображался ландшафт до Сезана? Как писали его современники? Каким образом возникали картины, какие материалы использовались? Как отреагировали искусствоведы, рынок, критики на появившуюся работу?;

- метод единичного изучения. Данный метод исходит из того, на каком примере распознаются структурные признаки, которые для многих имеют идентичное содержание. Например, никто не может знать все готические соборы, но необходимо как можно больше узнавать признаков по каталогу в графе «острые своды и высокие окна». Единичное обучение является приближенным к феномену и считается в немецкой педагогике очень перспективным. С его помощью можно легко и быстро ответить на вопрос: «Какой тип строительства лег в основу готического собора в Кельне? Как строили до готики?»;

- эвристический метод. Цель - акцентирование собственной активности учащихся, направление ее на учебный процесс. Эта стратегия утверждает, что самостоятельно приобретенные знания являются более прочными. Согласно данному методу, рисование может стать процессом изобретения, открытия; при этом раскрываются субъективные наклонности рисующего, особые возможности инструмента, структурные возможности содержания, предмета, изображаемого сюжета;

- метод недельного планирования. Данный метод представляет обзор учебной темы недели, предусматривает частичное самостоятельное планирование учебного процесса и предоставляет ученику больше свободы, чем урок, проводимый по учебному плану. Педагоги выдают за неделю необходимое для изучения содержание и указывают цели, которые учащиеся должны достичь. На учеников перекладывается ответственность за сроки выполнения работы;

- фронтальный метод. На фронтальном занятии учителя-информаторы выполняют роль консультанта и ведущего на уроке. Что относится к фронтальному уроку? Например, сформулированное для всех единое задание, доклад учителя с использованием диапозитивов или интерпретация учителем картины Пикассо «Герника» - это фронтальный урок, т.е. управляемый учителем, с малой долей коммуникации между учащимися, ограниченными возможностями действия обучаемых. В любом случае, для обеспечения всех учащихся важной информацией на стартовой фазе или при беглом обзоре используется фронтальный метод;

- метод проектного обучения. Данный метод очень высоко оценивается немецкими педагогами, но считается в школьной практике трудно

реализуемым. Прежде всего, это касается таких аспектов урока, которые трудно зафиксировать в плане, а именно: свободная дискуссия. Урок «Искусство», по мнению немецких педагогов, должен превратиться в процесс вербального и визуального толкования картины;

- метод совместной работы. Учитель и ученики образуют во время совместной работы одну команду. Организатор сотрудничает с командой и дает ей время от времени небольшие импульсы для организации работы;

- метод изготовления коллажа. Под термином «коллаж» понимается изображение картин с помощью цветных материалов (цветной бумаги, обоев, текстиля и т.д.), которое появляется благодаря вырезыванию, упорядочению, наклеиванию. Эти материалы сами являются носителями цвета, к тому же имеют интересную структуру поверхности, обладают особой выразительной возможностью, которую нельзя достичь с помощью техники рисования. Работа над изготовлением коллажа побуждает учащихся представлять цвет как площадь и соответственно ее оформлять. Преимущество коллажа заключается в том, что перед наклеиванием деталей могут обсуждаться различные решения, пока не будет найдено оптимальное. Это умение требует развития «понимания картин», представляет простор фантазии и побуждает к серьезной, интенсивной работе.

 - c) иметь характерные для научного стиля средства связи между

- абзацами;
- d) иметь достаточно четко сформулированные основные композиционные элементы научного текста: тезис, аргументы и примеры, вывод;
 - e) обладать лексической, морфологической и синтаксической характеристиками, типичными для научного стиля речи.
4. В композиции текста должны четко выражаться его основные логико-композиционные элементы для облегчения построения вторичных текстов (планов, конспектов, тезисов и т.д.).

Понятно, что, работая с текстом, имеющим ярко выраженные характерные черты научного стиля, студенты лучше поймут и усвоят особенности научного стиля речи. Немаловажным моментом является и исследование способов связи между абзацами текста, между тезисами и аргументами и между аргументами и выводом. Такая связь должна быть в тексте конкретной, легко выделяемой, так как это способствует более четкому разграничению структурных частей текста, выявлению причинно-следственных отношений композиционных элементов текста и логического порядка излагаемых в тексте мыслей.

Возьмем для анализа два научных профессиональных текста, относящихся к искусствоведению. Тексты уже апробированы в соответствующей студенческой аудитории на 1 курсе художественно-графического факультета.

Текст 1. **НАБРОСОК**

Набросок - особый вид графического искусства. Он является самым законченным в отношении средств выполнения и передачи формы.

Работа над наброском является одной из наиболее важных и доступных форм овладения графической грамотой будущим художником.

Выполняя длительный рисунок (долгосрочный), художник делает большое количество быстрых рисунков (краткосрочных). Такие рисунки называются набросками. Наброски выполняются с натуры, по памяти и по представлению.

Наброски имеют различные назначения. Один из них, выполненные великими художниками, являются самостоятельными творческими работами.

Но чаще всего наброски служат подсобными упражнениями, пробой различных вариантов для создания продолжительного рисунка.

Работа над набросками развивает наблюдательность, остроту глаза, помогает овладению техническими навыками рисунка и вырабатывает индивидуальный графический стиль.

Процесс выполнения наброска включает и образное обобщение, позволяющее выявить самое существенное в предметах и явлениях природы. Быстрый рисунок способствует также развитию творческого отношения к рисованию, умению передавать типические черты окружающей действительности.

Таким образом, все вышеизложенное доказывает, что регулярное

выполнение набросков представляет собой важнейший этап в процессе овладения навыками рисунка.

1. Данный текст относится к научному стилю, научно-учебному подстилю.
2. Тип монологической речи данного текста: рассуждение-доказательство. В начале текста сформулирован тезис. Далее идут аргументы, заканчивается текст выводом.
3. Для данного текста характерны все специфические черты научного стиля речи: четкость, логичность, краткость, обобщенность, абстрактность, неэмоциональность изложения материала.
4. Лексика данного текста содержит большое количество общенаучных и узкоспециальных терминов (6).
5. Анализ морфологических особенностей данного текста позволяет выявить следующие черты научного стиля:
 - a) в тексте именно явно преобладают над глаголами (всего из 128 слов текста – 19 глаголов, деепричастий, причастий и наречий, все остальные слова- имена);
 - b) большое количество абстрактных существительных с суффиксами -ани, -ени, -ость (*представление, выполнение, назначение, создание, обобщение, действительность, наблюдательность*)
 - c) употребление конкретных существительных обобщенном значении: *художник, набросок*;
 - d) все глаголы текста только в форме настоящего времени несовершенного вида (является, выполняет, вырабатывают, делает, называется, служат, имеют, развивает);
6. Для синтаксиса данного текста характерно: а) отсутствие эллиптических конструкций; б) предложение полные, законченные, содержат вставные конструкции; в) в тексте присутствует деепричастные и причастные обороты.
7. Текст состоит из 8 абзацев. Средствами связи между абзацами являются основные термины *рисунок и набросок*.

Структура данного текста позволяет использовать его для обучения составлению тезисов, ак как четко прослеживаются основные логические формулировки автора: ТЕЗИС — АРГУМЕНТЫ — ВЫВОД.

Текст 2. ВЛИЯНИЕ ЦВЕТОВОЙ ГАММЫ НА ЧЕЛОВЕКА

Цветовая гамма (сочетание различных цветов) жилого интерьера оказывает сильные психологические воздействие на человека. Разное сочетание цветов в помещении может создавать у человека жизнерадостное настроение, ощущение покоя или раздражать и утомлять его, может повышать или снижать жизненный тонус и работаспособность.

Наиболее благоприятное воздействие на нервную систему человека оказывает гамма светлых, мягких, приглушенных тонов. Насыщенные тона: золотисто-желтого, зелено-голубого, серебристо-серого цвета- создают

спокойное гармоничное настроение. Яркие и интенсивные тона придают интерьеру динамичный выразительный характер, создают ощущение подъема, активности. Такие цвета как красный, синий, фиолетовый возбуждают нервную систему.

Восприятие цвета у людей с возрастом меняется. Дети предпочитают насыщенные теплые тона: светло-оранжевый, розовый, красный; подростки – контрастные тона; пожилые люди – спокойную гамму приглушенных теплых тонов. Об этом необходимо помнить при выборе отделки и цвета в комнатах членов семьи разного возраста.

Наконец, цвет оказывает существенное влияние на наше ощущение пространства, зрительное восприятие размеров, высоты, пропорций помещения. Это объясняется тем, что наш глаз по-разному воспринимает разные группы цветов. Например, красный, оранжевый, охра-желтый воспринимаются, как приближающиеся к зрителю, выступающие вперед.

Они называются «выступающими» цветами. Голубовато-зеленые, голубые, сиреневые цвета ощущаются глазом как удаляющиеся, как бы отступающие назад. Эти цвета называются «отступающими».

Таким образом, приведенные выше научные данные объясняют важность цветовой гаммы интерьера для работы и отдыха человека.

1. По своей структуре этот текст относится к рассуждению- объяснению. В тексте легко вычлняются узловые компоненты, характерные для научного стиля речи: тезис, аргументы, примеры, вывод. Таким образом, студентам несложно будет построить схему текста рассуждение-объяснение.
2. Лексический состав данного текста включает в себя достаточное количество слов, относящихся к общенаучной лексике: *психологическое воздействие, жизненный тонус, гармоничное развитие, существенное влияние.* Текст насыщен экоспециальными (искусствоведческими) терминами: *интерьер, насыщенные тона, теплые тона, цветовая гамма, контрастные тона и т.д.*
3. Достаточно большое количество предложений построено по синтаксическим конструкциям, характерным для научного стиля: что является чем, что оказывает влияние на что, что называется чем, что происходит как, что объясняет что и и.т.д.
4. В тексте использованы типичные для научного стиля средства связи абзацев - повторение ключевых слов (лексический повтор), в данном случае это термины: *цветовая гамма, интерьер, тон.*

Опускаем анализ морфологии и синтаксиса данного текста, так как они являются типичными для научного стиля. Предложенный текст представляет собой хороший материал для обучения составлению всех видов научных записей (как свободных, так и дословных). Проведенный анализ текста выявляет наличие у него всех основных признаков научного стиля речи, что является основным критерием при отборе текстов для изучения научного стиля русской речи.

Таким образом, правильно подобранный и составленный обучающий

текст позволит студентам понять структурную композицию научного текста как такового, его лексическую, морфологическую, синтаксическую системы, общую характеристику, его направленность и тональность. Это, в свою очередь, позволит студентам самостоятельно строить устные или письменные научные тексты, развивая тем самым навыки владения устной и письменной профессиональной речью. Изучение профессиональных, методически грамотно составленных научных текстов на занятиях по русскому языку способствует повышению качества языкового и профессионального образования студентов, развитию их профессиональной грамотности, расширению кругозора, формированию специалистов высокого класса.

Түйін

Бұл мақалада көркем сурет факультетінің қазақ бөлімі студенттерінің кәсіптік көркем суреттік білімін дамыту үшін «Орыс тілі» пәнінің мүмкіншіліктері айтылады.

Summary

This article discusses the features and issues of Russian language in professional art students of the Kazakh branch of artistic and graphic faculty.

ҚОЛӨНЕРДЕ ҰСАҚ МОНШАҚПЕН БҰЙЫМ ТОҚУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІН АРТТЫРУ

С.Қ. Абдижаббарова –

*Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогика Университетінің «Тарих және экономика» факультетінің «Кәсіптік білім» кафедрасының
аға оқытушысы*

Егеменді Республикамыздың келешегі жас ұрпақты тәрбиелейтін орта мектеп өзіне жүктелген әлументтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін ғылым, білім, өнер және тәрбие мақсаты мен мазмұны бүгінгі талапқа сай жаңартылуда. Қоғамдағы экономикалық, саяси-әлументтік, мәдени жаңғырулар жеткіншек ұрпақтың ізгілікті эстетикалық дамуына тікелей әсер етті.

Ғылым мен техникаға деген барған сайын өсіп келеп жатқан ынта эстетикалық тәрбие мәселелерін екінші кезекке кері ысырып тастауға тиісті сияқты болып көрінді. Алайда эстетикалық тәрбие жөніндегі талас басылмады. Эстетикалық тәрбие мәселесі қазіргі адамдарды ғылым мен техникадан ешбір кем қызықтырмайды. Эстетикалық тәрбиені табиғат пен өнердегі тамаша әсемдікті дұрыс түсініп, дарыта білу қабілеттілігіне тәрбиелеу, эстетикалық көзқарасын, талғамы мен сезімін өнер мен өмірде тамаша әсемдік жасауға қатысу талабы мен қабілеттілігін дамыту деп түсінеді. Өнер мпн өердегі тамаша әсемдікті көру, сезіні, түсіні және жасай білу өзінен өзі келе қоймайды. Бұл қабілеттілікке мақсат көздей отырып тәрбиелеу керек.

Оқушыларға қол еңбегін үйрету арқылы, олардың эстетикалық тәрбиесін, шығармашылығын, еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру әр мұғалімнің кәсіби міндеті. Барлық оқу жұмыстарын жүргізуде мұғалім балалардың эстетикалық балалардың эстетикалық сезімдерін дамытып, жетілдіре беруге ұмтылады. Эстетикалық сезімдерді тәрбиелеуде тікелей өнермен байланыстырыла жүргізілетін оқу сабақтары шешуші роль атқарады.

Ізгілікті – эстетикалық тәрбиенің өзекті мәселесіне Қазақстан Республикасының «Гуманитарлық білім беру», «Әлеуметтік-мәдени дамыту», Қазақстан Республикасында орта білім беру жүйесі дамыуының мемлекеттік концепциясы» тәрізді мемлекеттің құжаттарында үлкен мән берілген.

Эстетикалық сезімдерді тәрбиелеуде тікелей өнермен байланыстырыла жүргізілетін оқу сабақтарын шешуші роль атқарады /1/.

Жас жеткіншектерге мектеп қабырғасынан қолөнер бұйымдарын жасау арқылы эстетикалық білім беру ұлттық мәдениеттің нәрінен сусындауына, озық дәстүрлер мен салт-саналары тәлім – тәрбиемен шектеліп қоймай, ол халақ даналығының қазынасымен сабақтасып отырады. Қазақ халқының қолөнерінің талай қыры мен сырына қанып, көптеген түрлерінен мағлұмат беріп, оны еркін игеріп, ерінбей – жалықпай жұмыс істеп, шеберлікті арттыруға мүмкіндік берді. Қолөнер арқылы оқушылардың денесі, көз қарасы, эстетикалық және ақыл-ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы арта түседі.

Эстетикалық тәрбиеде мектеп оқушыларының шығармашылық көркемөнерпаздығы принципін үлен маңызы бар. Көркемөнер шығармашылығы процесінде оқушы өз күшін жаттықтырады. Жеке адамның бір қатар бағалы сапасын дамытады. Осының бірі ұсақ моншақпен жұмысты көркемөнер шығармашылығына жатқызуға әбден болады.

Ұсақ моншақ бұйымдарының жасалу жолдарын үйрету арқылы оқушылардың балалық шақтарының өзін әдемі етіп, өз қолдарынан шыққан тамаша туындыларының әдемілігін көріп, оның өз қолымен жасай білуге және осы арқылы өмірді жақсы жақа қарай қайта құрып, өз еңбектеріне деген сүйіспеншілігін арттыру – қазіргі эстетикалық тәрбиенің маңызды бағытының бірі. Әрбір оқушының бойында, әсіресе қыз балада әсемдікті терең түсіну, толғану, толғану сезімталдыққа ұмтылу қасиеттері бар. Ал ұсақ моншақпен жұмыс осы қасиеттерді одан әрі, тереңдей дамытуға үлкен ықпал жасайды. Өйткені, ол өзінің әсемділігімен, нәзіктілігімен көз тартып, тамаша көркем өнер туындыларын өз қолымен жасап шығаруға тартып отырады. Бұл оқушылардың сезімдерімен шығармашылық қабілетті үнемі дамытып әсемдікке рахаттану мүмкіндіктерін ұлғайтып, оның өздері жасай білуді үйренуге ұмтылғанның көрсетеді /2/.

Қазіргі кезде тас моншақты өндіретін негізгі мемлекеттер – Жапония, Үдістан, Чехия, АҚШ, және Италия. Өте қызықты ұсақ моншақ Африка мемлекеттерінде шығарылады, көбінесе олар саздан металлдардан және ағаштан жасалған. Кейде «Блошин базарында» ежелгі ұсақ моншақты кездестіруге болды. Мұндай ұсақ моншақты көне көйлектерде және сөмкелерде

кездеседі. Ол өзінің әдемі, әрі терең түстерімен көзге түседі.

Соңғы кездері ұсақ моншақ жасайтын өнеркәсіп сапасы жағынан көне ұсақмоншаққа сәйкес келетін ұсақ моншақты жасап шығаруға тырысады. Көбінесе диаметрі 2-7 мм ұсақ моншақ кездеседі. Бұрын көлемі өзгеше ұсақ моншақтар жасалған. Ондай ұсақ моншақтарды қазір өте сирек кездестіреміз. Әсіресе бір түсті, бірақ диаметрі әр түрлі ұсақ моншақтарды табу қиынға соғады. Ұсақ моншақты көлемі мен пішініне қарай бірнеше түрге бөлеміз. Соның ішінде жиі кездесіп, қолданылатыны:

- ▽ *Жай тас моншақты (венецияндық)* – кішкене, домалақ ортасында тесігі бар шариктер
- ▽ *Стеклярус* – ұзындығы 3 мм-ден 7 мм-ге дейінгі ұзындықтағы әйнек түтікше.
- ▽ *Креметтер (гогемдық)* – төртбұрышты болып келетін кесілген әйнек түтікше.
- ▽ *Үндістер ұсақ моншағы* – боялынған әйнек ұсақ моншағы.
- ▽ *White-inside* – ұсақ моншақтың ішінен себеленген ақ дақтар байқалатын ұсақ моншақтар.
- ▽ *Red-white-inside* – қызыл ұсақ моншақтың ішінде ақ дақтар себеленген ұсақ моншақтың ішінде ақ дақтар себеленген ұсақ моншақ. Себеленген дақтар әр түрлі түстермен берілуі мүмкін: алтын, күміс, т.с.с. Олар нәзік күміс, алтын түспе жылтырайды. Олардың негізгі моншақтары болып табылады. Бұл моншақтар онсыз да көз тартатын, өзіндік ерекшелігі бар тастар.
- ▽ *Millefiori* – өз атауын көне венецияндық технологиясына байланысты алған: бір шоқ әр түрлі-түсті өрнекті түске балқытып енгізеді. Кейбір өте әдемі тас моншақтардың өз атауы бар, мысалы:
- ▽ *Итмұрын* – бұл итмұрынның (шиповник) піскен жемісімен түстес.
- ▽ *Жұмыр тастар* – бұл ХХ ғасырдың басында жасалған алқадан шешілген кішігірім жылтыр тастарға ұқсас. Бұлар Белгияда жасалынған көне ұсақ моншақтар.
- ▽ *Үндістан кораллдары* – әдемі үндістандық моншақтар. Кейде ұсақ моншақтардың атауын шет елге барып келген саяхатшылар қойып, өз коллекцияларында жинаған.

Әркім ұсақ моншақта өз қалауынша тандайды. Оның көлемі, мөлшері және түсі әр түрлі. Түстері – тұйық (мөлдір емес), мөлдір, жылы түстес, сызықтармен, күміс түстес, металдық жылтыр және т.с.с. өте көп.

Ұсақ моншақпен жұмысты бастау үшін мынандай құрал-жабдықтар қажет:

- ▽ *Ұсақ моншақ* – шыныдан жасалғал ортасында тесігі бар ұсақ домалақ шариктер.
- ▽ *Леска (балық аулайтын)* – Міндетті түрде сапасы жоғары, ϕ 0,12-0,17мм
- ▽ *Тор дәптер* – бұйымның сызба нұсқасын түсіру үшін.
- ▽ *Түрлі-түсті қарындаш* – ұсақ моншақтың түсін сызба-нұсқаға түсіру үшін.
- ▽ *Қайшы* – кішкене көлемді, міндетті түрде үшкір

▽ *Сіріңке* – жұмыс кезінде жіпті бекіту үшін.

Ұсақ моншақпен жұмыс қызықты әрі өнімді болу үшін біз жұмыс орнын дұрыс дайындауымыз керек. Ұсақ моншағымыз домалап, шашырап кетпес үшін оны арнайы ыдысқа немесе қорапқа салғанымыз дұрыс.

Ұсақ моншақ бұйымдарының тоқылу технологиясының бірнеше әдісі бар. Солардың ішіндегі кейбіреуіне тоқтала кеткеніміз жөн.

Айқастыра тоқу әдісі (крестиками) – бұл әдіс XVIII ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін кең қолданыста келе жатыр. Оны гердан, алқа, белдік, білезіктер, ленталар тоқылуда қолданылады.

Айқастыра тоқудың бірнеше түрі бар:

▽ Екі инемен айқастыра тоқу

▽ Бір инемен айқастыра тоқу

▽ Күрделі ромбалар

▽ Әуелік айқаспа

▽ Айқаспалық тор

Тордық тоқылу – бұл әдіс XVIII ғасырдан келе жатыр. Оны әр түрлі әйел әшекейлерін және басқа бұйымдарын (жағалар, гердан, алқалар, белдіктер, ленталар) жасауда қолданылған. Осы технологиямен тоқылған бұйымдар ұяшықтардан (төртбұрышты, алтыбұрышты) құралған тордан жасалынады. Бұйымның ені қатардағы ұяшықтардың санымен анықталады. Қатарларды қосатын және қатар шыңында орналасқан тас моншақтар біріктіргіш деп аталады. Ұяшықтың ұзындығы неғұрлым ұзын болса, соғұрлым бұйым көркем шығады. Тордық тоқылудың түрлері:

▽ Ромбалық – ұяшықтар торын бір инемен тоқу

▽ Ромбалық – ұяшықтар торын екі инемен тоқу

▽ «Фонарик» - ұяшықтар торын екі инемен тоқу

▽ «Фонарик» - ұяшықтар торын бір инемен тоқу

▽ Екі түрлі ұяшықтан тұратын торды бір инемен тоқу

▽ Екі түрлі ұяшықтан тұратын торды екі инемен тоқу

▽ Күрделі тордық тоқылу

Көп қабатты тоқылу – торды кестелеу – бұл әдісті 1994 жылы Л. Божко енгізген. Осы технология арқылы білезік, белдік, тәж, диадема, тік жаға, бас киімнің жиегі, сырға, пано, картиналар және т.б. жасауға болады. Канва тігісіне өте ұқсас болғандықтан оны торда кестелеу деп атаған. Торда кестелеу технологиясының бірнеше түрі бар:

▽ Торды айқаспалар және сақиналармен кестелеу

▽ Торды гүлдермен кестелеу

▽ Торды моншақтармен кестелеу

▽ Торды баспа тігісімен кестелеу (екі вариантта)

▽ Торға қомақты сурет салу

Мозайкалық тоқылу - бұл тоқылудың жаңа техникаларының бірі, XX ғасырдың ортасынан бастап белгілі. Осы техникамен орындалған бұйымдарда ұсақ моншақтар бір-біріне өте тығыз, шахматтық қалыпта орналасқан. Сондықтан да ұсақ моншақтар бір қалыпты болуы керектігінің маңызы өте

зор. Жұмысты бастамас бұрын ұсақ моншақтарды сорттау керек. Мозайкалық тоқылу арқылы білезіктер, белдік, сарафан жиектерін, брителькаларын, алқалар, гүлдер, шаш буғыштар жасауға болады. Тоқылу техникасының бірнеше түрі бар:

∇ Бір инемен мозайкалық тоқу

∇ Екі инемен мозайкалық тоқу

∇ Суретті мозайкалық тоқу

Көлемдік тоқылу ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болып, бүгінгі күнде де даму жолында. Бұл техника арқылы жгуттар, шариктер, гүлдер, жапырақтар, көлемді алқалар және т.б. орындалады.

Көпжіпті тоқылу – ерте кезден белгілі крест әдіс. Оны айқаспалық, тордық, мозайкалық тоқылуға қолданады.

Келесі он жылдықта бұл сияқты сәндеу киімнің кең шеңберінде тарап, көптеген елдердің шеберханаларында кең қолданыс тауып, әсемдік жағынан бірінен-бірі асып түсетін сән үлгілері дүниеге келе бастады. Қазіргі дизайн – модельерлер ұсақ моншақты, стеклярусты, паедкаларды және моншақтарды кең көлемде қолданады. Олар киім сәндеуде дайын тас моншақ бұйымдарын – гүлдерді, жапырақтарды, шариктерді, алқаларды және т.б. қолдану мүмкіндігін жібермейді. Жағалардың, жеңдердің, иініштердің, белдемшелердің жиектеріне де әр түрлі вариантта қолданады /3/.

Тас моншақтан алуан түрлі әшекей және басқада интерьер бұйымдарын жасауға болады. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсек:

∇ *Білезік* – сақина тәрізді әшекей. Оны әйел және ер адамдар таққан ХІІ ғасырдан бастап ол тек әйелдер әшекейі болып саналады.

∇ *Жағалар* – ХІІІ ғасырда пайда болған әйел және ер киімдердің бөлшегі. Тас моншақ жағаларын қазіргі кезде тек әйел адамдар ғана тағады. Бұл қолданбалы әшекей әр түрлі пішімде және көлемде болады.

∇ *Гердан (гайтан)* – кеуделі немесе арқалы ұлттық әшекей, екі лента тұмармен біріктірілген.

∇ *Диадема* – әйел және ер адамдар маңдайына таққан матадан немесе басқада материалдан жасалған жолақ. Алғаш рет Шығыс елдерінде пайда болған, биліктің рәмізі болып саналады.

∇ *Тәж* – жоғары биліктің рәмізі ретінде патшалар, хандар киген.

∇ *Алқа* – асыл тастармен, маржандармен сәнделген мойын әшекейі.

∇ *Тұмар* – жиектемеге ілінген әшекей. Тұмардың ішіне сурет жақын адамның *шашын* және т.б. салған. Романтикалық дәуірде кең тараған.

∇ *Шұбыртпа* – тізілген моншақтан жасалынған әшекей. Оны сырғаларда шолпыларда, сәукелелерде көп кездестіреміз.

∇ *Белдік* – белге тағатын және ер адамдар киімінің негізгі бөлшегі. Қазақта белдікке ерекше мән берген, сондықтан да «Белдігі жаман мықынын тірей алмас», «Кемер белбеу бел сәні, кемелді жігіт ел сәні» деген мәтелдердің тегін айтылмаған.

∇ *Сырға* – әйелдердің құлағына тағатын алтын, күмістен әшекейлі, асыл тасты, маржанды салпыншақ бұйымдары.

1. Хмель Н.Д., Хайруллин Г.Т., Муканова Б.И. Педагогика. – Алматы, 2005. – 234с.
2. Зайцева Н.К. Бисерные украшения. – М., 2004. – 235с.
3. Хмара З.А., Хмара А.В. Поделки из бисера. – М., 2003. – 234с.

Резюме

В данной статье рассматривается эстетическое воспитание учащихся средствами декоративно-прикладного искусства, используя методы плетения с биссером.

Summary

The article includes the aesthetic upbringing of pupils in decorative applied art on methods of plaiting with glass beads.

ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК ОРНЫ

Г.А.Абдурахманова -

*Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика университеті
«Кәсіптік білім» кафедрасының аға оқытушысы*

Білім мен тәрбиедегі басты бағыт – әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын ескерсек, мұндай тұжырымға тоқталуымызға ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің себебі және сол арқылы жалпы адамзаттың деңгейге аяқ басып, өз халқының игілігін, болмысын басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады.

Қай халықтың болмасын бейнелеу өнеріне, мәдениетіне байыптап көз салсақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отыратынына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда ою-өрнек өнерін қазақ халқының өмір тіршілігінде айрықша орын алып, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса дамып келе жатқан өнер түрі деп батыл айта аламыз. Өйткені, қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен ою-өрнек қатыспайтын саланы табу қиын. Ою-өрнек элементтері олардың үй жиһаздары мен киім-кешегінен де, зергерлік бұйымдары мен құрал-саймандарынан да ер-тұрман, қару-жарақтарынан да молынан табылады.

Бүгінгі таңға дейінгі қазақ халқының қолөнері, оның ішінде ою-өрнектері қарастырылған тарихи, ғылыми еңбектер бұл өнер түрінің ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар мәдениетінің әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін аңғартады.

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан-ұрпаққа,

әкеден балаға сабақтасып, тізгіннің ұшында, өзіндік тарихымен әдет-ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта белген-қолөнері.

Қолөнердің халықтың әлеуметтік, салт-тұрмысында алатын орнының қаншалықты биік, жоғары екеніне сене алсаң-оның ішінде қолөнерді нақышына келтіртіп, әдемілік, әсемдік дүниенің ауқымын кеңейткен ол ою-өрнек. Ою-өрнектің шығу тарихы қолөнер, тұрмыс заттарының өсіп-өркендеуімен тығыз байланысты және солардың ішінен орын ала білді. Олардың даму процестеріне халықтың әлеуметтік сана-сезімінің, болмыс тіршілігінің жанданып мәдениетінің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруының да әсері болды.

Сонымен қатар ою-өрнектің өркендеуіне атабабаларымыздың сезімдік-талғампаздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, тіған жердің қасиетті топырағы мен тоғай-тауларының құлпырған реңк түрлері, шикізат байлықтары да бәрі-бәрі қатта ықпал етті.

Әлбетте, қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да көп десек, солардың ішінде халықтың арасына көбірек тарағаны ою-өрнек. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнердің барлық түріне бірдей ортақ әсем әшекейлеудің негізі болып табылған. Ою-өрнектің біздің заманымызға дейін мыңдаған жылдар бұрынғы халықтарда да соншалықты ескі дәуірден бері келе жатқан халықтың өнердің бір түрінен саналады.

«Ою-өрнек» - (латынның *ornament* – әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан) үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар; әр түрлі заттарды (құрал-сйман, қару-жарақ, киім т.б.) архитектуралық құрылыстарды, пластикалық өнер шығармаларын (негізінен қолданбалы), т.б.сәндеу үшін қолданылады.

«Ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау, немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондайақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе «ою-өрнек» деп қосарланып айтыла береді. Әр халықа, ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып дәстүр алды. Соның негізінде пішу, үлгі алу, басқа материалдарға көшіру секілді көптеген әсемдік, әшекейлеу жолдары дамыды. Осы арқылы ою-өрнектің, ісіресе қолөнер бұйымдарының қымбатталаға артып, қорлана түсті. Тақырыпқа ойысар болсақ, бүгінгі қоғамда қазақ қолөнерінде ою-өрнектің ролі, орны қаншалықты? Бұған белгілі өнертанушы В.Чепелевтің: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазғаны, қазақ халқының тұрмасында, жалпы өмірінде ою-өрнектің қаншалықты жоғары сатыда тұрғандығы анықтала береді. Өйткені тұрмысынан бастап үлкен әлеуметтік, мемлекеттік ортаға дейінгі сатылардың бәрінде де ою-өрнек қосарланып

келген. Мәселен, текемет, кілемі мен ыдыс аяғы, киім-кешек, қару-жарақ, үй жабдықтары бәрі-бәрі де ою-өрнектің қатысуымен құндылығын жоймаған. Ал бүгінде де ою-өрнектің қолөнерде қаншалықты орын алатынын, халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпын, салтын, дәстүрін қадірлеп, сыйлайтынына, ұлттық нақышын күні бүгінгі дейін мазмұнын жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жеткізе білгеніне қарап, соншалықты бағамдай аламыз. Демек, ою-өрнектер көркемдік, сәндік үшін қолданылғанымен шартты бейнелер арқылы шындық елесін туындатып, халықтың өмірге деген талпыныстарын танытады. Мәселен, найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, қардың, жаңбырдың не себептен болатынын түсінбеген ертедегі қазақ халқы күнді, айды, аспанды т.б.керемет күш деп біліп, сол күштерге сиынған.

Дәл бүгінгі күнде халқымыздың көне мұрасы өзіне тән қаныққан бояуына тайса да, өзгермей мазмұны мен сұлу сымбатын сақтап, қайта жаңа жаңалықтар мен өзгерістерге малынып, өзінің нақышын көркемдеп, асқақтата түсті. Дегенмен де, халқымыздың қолөнерін ою-өрнексіз елестету мүмкін емес. Өйткені, бар бояуы мен болмысын баяндап, мәні мен мағынасын меңзеп тұратын осы ою-өрнек. Халқымыздың салпақасы да салмақты тірлігінің нәтижесінде бүгінгі ұрпақ қолөнер тарихынан да бейхабар емес. Осылай дамып отырған ұлттық ою-өрнектерге соңғы кезде де едәуір көңіл бөліне бастады. Мысалы: бесаспап шебер оюшыларымыз өз туындыларында мұнай мұнарасы, жұлдыз, көгершін бейнесін «бейбітшілік, бейбіт, еңбектің» символы ретінде суреттейді. Сондай-ақ егемендік еліміздің жалауы мен елтаңбасында да белгілі бір әлеуметтік мән жатыр, Мәселен, жалаудың көк-жасыл бір өңділігі бірлесу идеясына берілгендігін бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар барлық халықтарда бейбітшіліктің, тыныштық пен тоқшылықтың бейнесі іспетті болған бұлтсыз аспанды еске салады. Оның үстіне көк түс көңіл ақтығы, адалдық, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Өз сәулесіне шомылған алтын күн – тыныштық пен байлықты, ал дала қыраны Қазақстандықтардың жомарттығы мен мазмұны әлі де зерделенуді қажет етеді, қырағылығын, арман-ойларының биіктігін бейнелейді. Сонымен, кез келген көркемдік, сәндік шығармалар сияқты ою-өрнектер де тікелей қоғамдық санаға қатысты тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық қажеттіліктен туған.

Жаңа заман талабына сай өзгеріп, ауысып отырытын уақыт ағымы ұлттық құндылығымыздан айырып кете алмады. Тіпті, мемлекетіміздің дербестігін, егемендігін әлемге паш етіп, жария еткен рәміздеріміздің бірі-Туымыз да ұлттық өрнегімізбен әсемділік жарасымын тапты. Міне, көріп отырғанымыздай, ою-өрнек қазақ қолөнерінде, болмысында, тұрмысында, тарихында, қоғамында елеулі рол алады. Яғни «өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде сызу сыза алмас» деген мақалдың өзінен-ақ халқымыздың талғамы мен сезімталдығына, іскерлігі мен данышпандығына қайран қаласың. Міне, осындай рухани мол мұрамызды жас ұрпақ тәрбиесімен байланыстыру-біздің басты парызымыз. Бүгінгі таңда қазақтың сәндік-қолданбалы өнері және ұлттық ою-өрнектері әр түрлі ғылым салалары тұрғысынан зерттеле түсуде, өйткені оның бай тарихы мен терең.

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. Алматы, 2000ж.-345 б.
2. Абраева К. Казахский орнамент. – Алматы: Өнер, 1994.-234 б.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. – Алматы, 1969.-32 б.
4. Әбдіғанбарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. – Алматы: Өнер, 1999.-456 б.

Резюме

В статье рассмотрены виды орнамента и их роль в процессе изучения декоративно-прикладного искусства.

Summary

The article considers types of ornaments and the of its usage in studying process and national education.

1980 – жылдардағы ҚАЗАҚСТАН ДЕРЕКТІ КИНОСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК УАҚЫТ КӨРІНІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Н.Мұқышева –

*кинотанушы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының
«Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті*

Деректі кино өнері – кейіпкердің рухани өміріндегі ішкі жан - дүниесінің қалдырған қолтаңбасы, қоғам өмірінің әлеуметтік көрінісі. Қоғамда болып жатқан маңызды оқиғалар мен өзекті әлеуметтік мәселелерді ашық көрсету және олардың шешімін табуға тікелей әсер ету – деректі экранның басты міндеті. Сондықтан, деректі кино өнерінің көркемдік сапасы автордың азаматтық позициясымен тығыз байланысты.

Қазақстан деректі кино өнерінің даму тарихы барысында деректі және ғылыми – көпшілік фильмдердің тақырып ауқымы өзгермей, халық шаруашылығы, мәдениет пен өнер, әдебиет саласындағы, өнеркәсіптегі басты мәселелерді бейнелеп келеді.

Қазақ халқының ұлттық шығармашылығының бейнелері көрініс тапқан «Тастар сөйлегенде» (1958 ж., реж. Г.Новожилов), «Қазақтың ұлттық өнері» (1967 ж. реж. А.Қарсақбаев) көне дүниеден келе жатқан мәдени – тарихи ескерткіштер туралы түсірілген «Ашық алақан сыры» (1969 ж., реж. О.Әбішев), «Тастағы таңбалар» (1968 ж., реж. О.Әбішев) фильмдерінің тақырыбы 1980-шы жылдары өз жалғасын табады. Ұлттық ерекшелігін тереңінен аша білу және жанр жолындағы шығармашылық ізденістер Қазақстан деректі киноөнерінің маңызды көркемдік даму тенденциясына айналды.

1980-ші жылдары осы үрдіс айқын көрініс тапқан «Орынбасар әндері» («Песни Орынбасар», 1982 ж. реж. Ә.Сүлеева), «Мәңгіліктен бес қадам жерде» («В пяти шагах от вечности», 1983 ж. реж. Ә.Сүлеева), «Өмір бояулары»

(«Палитра жизни», 1983 ж. реж. Ә.Сүлеева), «Бақша арасындағы үй» («Дом в саду», 1978 ж. реж. Ә.Сүлеева), «Үстірт. Уақыт бедері» («Устюрт. Рельефы времени», 1982 ж. реж. Ә.Сүлеева), «Сәлима апайдың ою – өрнегі» (1983 ж.), Г.Емельяновтың «Біз шешемізден алтауымыз» («Нас у мамы шестеро», 1983 ж.), «Күресші» («Борец», 1984 ж.), С.Райбаевтың «Әнші ауыл» («Поющий аул», 1984 ж.), Ю.Литвяковтың «Аня, Анечка, Айна апа» (1985 ж.), В.Васильковтың «Шаяннан шыққан ханым» («Леди из Чаяна», 1984 ж.), С.Ахтановтың «Зергерлер», «Шебердің оралуы» («Возвращение мастера», 1985 ж.), Р.Әлпиевтің «Мұғалім» («Учитель», 1985 ж.) фильмдері жоғарыда аталып өткен 1950-60-шы жылдары түсірілген шығармалар тақырыбын терең зерттейді. Ұлттық мәдениеттің мәңгілік қозғалысы, ғажайып өрнектері бұл фильмдерде аса сүйіспеншілікпен орын алады. Мысалы, «Аня, Анечка, Айна апа» фильмі қазақ жеріне тамыры терең жайылып кеткен, «даланың ақ қайыңы» атанған Айна апаның тағдырымен таныстырады. Немесе, «Шаяннан шыққан ханым» - Шаян селосындағы халық театрының актрисасы Гүлшахар Жолышеваның өмірі туралы әңгімеленеді. «Мәңгіліктен бес қадам жерде» фильмі көне дүние ескерткіштері, оның маңыздылығы туралы баяндаса, «Қобыз» шығармасы көне ұлттық музыка аспабының тарихына үңіледі. Ал, «Шебердің оралуы» - зергерлік дәстүрлі өнердің бүгінгі тыныс – тіршілігіне назар аударады.

«Шаяннан шыққан ханым» фильмінде кейіпкерлер болмысындағы қайталанбас ерекшелігін ашуға талпынады. «Орынбасар әндеріндегі» - Орынбасар, Ю.Пискуновтың «Суретші болу» («Быть художником», 1984 ж.) фильміндегі белгілі суретші Е.Сидоркиндер – мінез-құлқы, бітім-болмысы бір-біріне ұқсамайтын, жадында орнығып қалатын кейіпкерлер.

1980-85 жылдар аралығында Қазақстан деректі кино шеберлерінің шығармаларында көрініс тапқан тағы бір тақырып – қоршаған ортаның ластануы айналасындағы өткір мәселелер. «Қала мен түтін» («Город и смог» - 1984 ж., реж. В.Татенко), «Бізге және немерелерімізге» («Нам и внукам» - 1984 ж. реж. Ж.Бәйтенов), «Үйлесімділікке адымдау» (1984 ж. реж. В.Васильев), «Орал, халың қалай» (1984 ж. реж. Ж.Зауырбеков) шығармаларының әрқайсысында авторлардың азаматтық позициясы айқын көрінеді. «Қала мен түтін» - таңертеңнен кешке дейінгі Алматы қаласының көрінісі қалай өзгеріске ұшырайтыны туралы түсірілген кино-бақылау. Әрбір кадр шынайылығымен, нанымдылығымен назар аудартады. Алайда, фильм үшін басты мақсат – мәселені көтеру емес, керісінше сол мәселені шешу жолдарын зерттеу болып табылады. Адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс режиссер В.Васильковтың «Қарақұм арқылы өткен 720 мың адым» (1984ж.) фильмінің негізгі тақырыбына айналады. Мұнда табиғат адам мүмкіндіктерін сынаушы ретінде бейнеленеді.

Бүкіл кеңес деректі кино өнеріне ортақ тақырыпты ашып көрсетуде зерттеу тенденциясын қолдану тәсілі Е.Шынарбаевтың «Мәжит Бегалин» (1982 ж.), «Жаңа толқын» (1985 ж.) фильмдерінде көрініс табады. «Мәжит Бегалинде» белгілі кинорежиссер Мәжит Бегалиннің бейнесі дос – жарандарының естеліктері, өмірі мен шығармашылығындағы кейбір маңызды сәттер арқылы

ашылады. Ал, Т.Әбдірашев, А.Мұсаходжаева, Ж.Әубәкірова сияқты талантты музыканттар туралы түсірілген «Жаңа толқын» фильмі портрет-кадрлар қатарынан тұрады. Сәтті шыққан Ж.Әубәкірова туралы новеллада кейіпкердің рухани әлеміне үңіледі.

Деректі кино өнері ең алдымен өмірдің өзімен тығыз байланысты. Оның алғашқы қайнар көзі де, күші де сол өмірден алынған кейіпкерлер. Кейіпкердің болмысы, мінез-құлқы, қимыл-қозғалысы, ерекше тағдыры үнемі алдыңғы қатарда тұрғандықтан, олардың тұлғалық ерекшелігін ашып көрсету – ең күрделі мәселелердің бірі. Фильм-портрет жанрында түсірілген Ю.Пискуновтың «Солдат Михаил Коробовтың әңгімелері» (1985 ж.), Ә.Сүлееваның «Өмір бояулары» (1983 ж.), А.Байұзақовтың «Момышұлы» (1985 ж.) фильмдеріне кейіпкерлердің болмысын терең зерттеу ерекшелігі тән. «Өмір бояуларындағы» суретші әрі актер А.Ысмайылов, Ю.Пискуновтың фильміндегі басты кейіпкер Михаил Коробовтардың шынайы мінез-құлқын көрсету арқылы, режиссерлар кейіпкерлері өмір сүрген уақыт туралы шежіре жасайды.

1980-85 жылдар аралығында өткір мәселелерді көтерген «Рекламация» (реж. В.Задвицкий), «Интервал», «Кольцо» (реж. С.Әзімов), «Үш жыл өткен соң» (реж. М.Байқанов), «Ыңғайсыз адам» фильмдері пайда болады. Мысалы, 1982 жылы экранға шыққан «Интервал» - қой шаруашылығындағы белең алған келеңсіздіктер туралы репортаж-айыптау тәсілімен түсірілген шығарма. Алыстағы ауылдардан қаланың ет комбинатына қарай жем-сусыз ұзақ жол бойы айдалып келетін отар қойдың мүшкіл халі туралы баяндайды. «Интервал» - еліміздегі ең қажетті шаруашылықты осындай деңгейге жеткізген қылмыс туралы батыл дабыл қаққан алғашқы фильмдердің бірі.

1980-жылдардың басында жаңадан бастау алып келе жатқан авторлық деректі кино өнерінде тың тақырыптар мен көркемдік шешімін кәсіби деңгейде табу тәсілдері пайда болды. Бұрын тыйым салынып келген қоғам өміріндегі түрлі өзгерістер мен құбылыстар деректі экраннан көрініс тапты. Бақытсыз тағдыр иелері – ең үздік шығармалардың басты кейіпкерлеріне айналды. «Есімде жоқ» («Не помню», 1982 ж. реж. И.Гонопольский), «Тергеліп жатқандар» («Находятся под следствием», 1984 ж. реж. А.Байұзақов), «Баршаның ісі» (1985 ж. реж. В.Чугунов) фильмдерінде ішімдікке салыну, есірткі ауруына шалдыққандардың тағдыры көрініс табады. Сәтті шыққан фильмдерде кейіпкерлерінің мұндай дертке ұрыну тарихын, себебін зерттеуге талпыныс бар. Алайда, бұл тақырыпқа түсірілген шығармалардың көпшілігі тек сыртқы схематизмге ұрынды. Әртүрлі студияларда түсірілген, бір-біріне ұқсайтын фильмдердің басым көпшілігі есіркіге ұрынғандар, тастанды балалар, жұмыссыздық т.б. тақырыптарды негізгі әңгіме арқауына айналдырады.

1980-ші жылдардың екінші жартысында қоғамда белең алған өткір мәселелер Қазақстан деректі экранында батыл көтеріле бастайды. «Құмшағал тарихы» (1987 ж. реж. И.Вовнянко), «Өзім қорғанамын» («Буду защищаться сам», 1987 ж. реж. В.Тюлькин), «Саты. Село хроникасы» (1988 ж. реж. О.Рымжанов), «Бомж» (1988 ж. реж. А.Ким) тағы басқа көптеген фильмдердің

көтерген басты мәселелері шығарманың сәтті шығуына кепілдік берді. И.Вовнянконың «Құмшағал тарихы» фильмі әлеуметтік-тұрмыстық публицистикалық жанр ағымын бастаған алғашқы сәтті фильмдердің бірі. Режиссердің «Тенгиз» (1987 ж.) фильмі де композициясымен, көркемдік бейнелеу шешімінің ерекшелігімен қызықты. Шопан Кеңесбай Асанбаевтың бейнесі арқылы өткен және бүгінгі уақыттың түйісуін көрсетеді. Фильм-портрет жанрында түсірілген «Бәйтерек» (1988 ж. реж. А.Шәжімбаев) фильмдері формасымен, мазмұнының толыққандылығымен әсер береді.

Ал, В.Тюлькиннің «Өзім қорғанамын» фильмінің басты кейіпкері – қылмыскер. Автор кейіпкер тұлғасының қаншалықты жағымды-жағымсыз екенін пайымдауды көрерменнің үлесіне қалдырады. Алайда, режиссер жылдамдатылған түсіру тәсілін қолдану арқылы кейіпкерге қатысты өзінің негативті қарым-қатынасын білдіреді. И.Гонопольскийдің «Өлгендер туралы жаман айтпайды» (1987 ж.) фильмінде ішімдікке салынған әйелдер, одан айығу жолдары қозғалады. Қоғам дертіне айналған осы тектес түрлі мәселелер 1980-90-шы жылдар аралығында Қазақстан деректі киносындағы маңызды тақырыптардың біріне айналды. Өйткені, деректі экран мінберіне қоғамдық санаға әсер етудің мүмкіндігі молынан берілген. Алайда, осы тектес көзқарастағы авторлық концепциясын қолдану мысалдары жиі кездесетін құбылысқа айналды.

Сонымен бірге, қазақ өнері мен мәдениетіне еңбегі сіңген тұлғалардың бейнесі М.Васильевтың «Суретші және уақыт» (1988 ж.), В.Тюлькиннің «Жалаң аяқ қардың үстімен» («Босиком по снегу», 1988 ж.), «Мольер мырзаның өмірі» («Жизнь господина де Мольер», 1988 ж. реж. Ю.Пискунов) фильм-портреттерінде көрініс табады. Үш фильмде үш түрлі шығармашылық тәсілдер қолданылады. Суретші П.Зальцман туралы «Суретші және уақыт» - эссе, жазушы И.Шухов туралы «Жалаңаяқ қардың үстімен» - публицистикалық очерк, актер Н.Жантөриннің бейнесі көрініс тапқан «Мольер мырзаның өмірі» - психологиялық портрет жанрында көркемдік шешімін табады.

1980-90-шы жылдар аралығындағы Қазақстанда түсірілген деректі фильмдердің басым көпшілігіне тән ортақ кемшілік – мәтіннің мазмұнына қарай монтаждалуы болды. Бұл жағдайда көрерменнің басты назарын кадр сыртынан оқылатын диктор мәтінінің мазмұны ғана аудартады. Ал, экрандағы көріністер мәтін мазмұнына жасалынған иллюстрация деңгейінде қалады. Мысалы, А.Әлпиевтің «Қандай бағамен» («Какой ценой», 1985 ж.) фильмінде бар болғаны екі қысқаша сұхбат қолданылады. Бірақ, олар иллюстрация қызметін ғана орындайды да, дайын тақырыптық шешімді ұсынады. Нәтижесінде, заңды қайшылық туындайды. Деректі кино өнеріндегі деректі құжаттарды шынайы бейнелеуде қолданылатын барлық құрылым бұл фильмде ізінше жоғалады. Кейіпкердің бейнесі ол туралы айтылған нақты бір пікірмен алмасып, нәтижесінде оның мінез-құлқындағы, бітім-болмысындағы кейбір ерекшеліктер ашылмай қалады. Режиссердің тағы бір фильмі «Золушкаға арналған туфли» («Туфли для золушке», 1983ж.) «Қандай бағамен» фильмінің принципімен құрылады. Яғни, алдымен Жамбыл аяқ киім фабрикасындағы келеңсіздіктерді, одан кейін мазмұны, көріністер тұрғысынан бір-біріне

карама-қарсы (контраст) принципімен «Жетісу» аяқ киім фабрикасының жетістіктері көрсетіледі. Нәтижесінде, шығармада тартыс пайда болмайды. Бұл принцип 1950-ші, 1960-шы, 1970-ші жылдардағы Қазақстан деректі киносында белең алған көріністі еске түсіреді.

1985 жылы Г.Шалахметовтың сценарийі бойынша түсірілген режиссер С.Сүлейменовтың «Алғашқы ГРЭС қатарға тұрды» («Первая ГРЭС в строю») фильмі басында Екібастұз көмір бассейніне арналған гимн ретінде ойластырылып, алғашқы кадрлары «Советтік Қазақстан» кино журналының принципімен түсіріледі. Түсіру тобы жұмысын бастаған күні станция апатқа ұшырайды. Авторлар бұл жайды айналып өтіп, станцияның ашылуы туралы мағлұматты мерекелік көңіл-күйде баяндайды. Жоғарыда әңгімеленген А.Әлпиевтің фильмдеріндегідей мұнда да автордың тақырыпқа қатысты жеке көзқарасы білінбейді.

1980-ші жылдардың алғашқы жартысында Қазақстан деректі кинематографының көркемдік бейнелеу шешімінде кемшіліктер әлі де кездесіп жатты. Соған қарамастан, жекелеген сәтті туындылар қазақ ұлттық деректі кино өнерінің алтын қорына еніп, әлеуметтік өмірдің белгілі бір көрінісі, тарихи шежіресі ретінде аса маңызды құбылысқа айналды. Ең бастысы, “Өзім қорғанамын”, “Құмшағал тарихы”, “Қала мен түтін”, “Интервал” сияқты т.б. фильмдер 1990-жылдардағы қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді өткір әрі батыл қозғаған “Ж оқтау. Өлі теңіз хроникасы”, “Полигон”, “Крест тәжірибесі”, “Соңғы көш” сияқты деректі шығармалардың бастамасы болды.

Резюме

В данной статье автор рассматривает особенности изображения образа социального времени в документальном кино Казахстана 80-х годов XX века. Автор делает вывод, что анализируемые фильмы стали предшественниками картин, где смело показаны социальные проблемы в документальном кино Казахстана 90-х годов.

Summary

This article discusses the importance of social time description in documentary films of Kazakhstan in 80s of XXth century. According to the opinion of the author analyzed films in the article prove that they were predecessors of courageous show the social time in documentary cinematography of Kazakhstan in 90s of last century.

С о д е р ж а н и е

Альмухамбетов Б.А. Художественное образование как системное средство формирования исследовательских умений учителя.....	4
Xie Heng-xing. The review of Chinese fine arts thoughts in 1980s.....	7
Оспанов Б.Е. Көркем білім беру жүйесіндегі ұлттық қолөнерінде оқыту мен дамытудың педагогикалық мүмкіндіктері.....	11
Павловский О.В. Проблемы подготовки специалистов по декоративно-прикладному искусству.....	15
Михайлова Н.А. Повышение квалификации как фактор обеспечения профессионального роста преподавателя художественно-графического факультета.....	18
Мырзаканов М.С. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастырудағы халықтық сәнді-қолданбалы өнердің ролі.....	22
Сейтимов А.Ғ. Қазіргі бейнелеу өнерінің философиялық мазмұндық мәні....	27
Переверзев А.Г. К вопросу организации и выполнения дипломной работы выпускниками художественно-графического факультета.....	31
Данилушкина С.Н. Становление и тенденции развития специальностей «Графика» и «Графический дизайн» в РК.....	35
Мизанбаев Р.Б., и Бекенова Б.Н. Тұтас қабылдауды дамытудағы педагогикалық әдістеменің негізі.....	39
Абдраман Күләш. Өрмек түрлері және тоқу технологиясы.....	43
Мамытова С.М. Қазақстанның бүгінгі бейнелеу өнеріндегі таңбалы тас суреттерінің көрініс табуы.....	48
Арқабаева У.Н. Обучение изобразительному искусству в Германии (на примере 12-летней школы).....	52
Жапаров А. Өнер: оның «кеңістіктік» және «уақыттық» болып жіктелу мәселелері.....	57
Баженова Н.А. Основные аспекты образовательной деятельности центра по изучению народного и современного искусства Казахстана ГМИ РК им.А.Кастеева.....	62
Ли. Ли. Живопись как ведущее средство подготовки специалистов художественно-педагогического профиля.....	67
Кочергина Т.Д., Тохтамова Р.К. Текст как единица профессионального художественного обучения студентов казахского отделения ХГФ на занятиях по русскому языку.....	72
Абдижаббарова С.Қ. Қолөнерде ұсақ моншақпен бұйым тоқу әдістері арқылы оқушылардың эстетикалық тәрбиесін арттыру.....	77
Абдурахманова Г.А. Қазақ қолөнеріндегі ою-өрнек орны.....	82
Мұқышева Н. 1980-жылдардағы Қазақстан деректі киносындағы әлеуметтік уақыт көрінісінің ерекшелігі.....	85

ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК

**«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы - әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория - методика»
№ 2 (23), 2010**

Берілген түпнұсқадан тікелей репродукциялық әдіспен басылады

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10099-Ж

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Басуға 28.06.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 6,6 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 183.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы